жұмыс нысандарымен энергияның орасан зор қуатын игеруге, азаматтық қорғау шараларын орндауда жаңа көзқараспен карауға мүмкіндік берді. Сабақты ұйымдастыру деңгейінің жоғары екенін айта кеткім келеді, қолайлы да жанға жайлы жағдай, сондай-ақ лекторлардың жоғары дайындығы, олардың көпшілігі материалдарды түсіндіру мәдениетімен және кәсіби шеберлігімен алғанда мен үшін үлгі тұтарлық биіктен көрінді.

Орталықтың барлық қызметкерлеріне курстарды осындай жоғары дәрежеде ұйымдастыра білгені үшін рахмет айтамын. Осы семинарлардың арқасында біз өзіміздің кәсіби деңгейімізді арттырдық, ол біздің жұмысымыздың сапасының дұрысталуына игі әсерін тигізеді.

Барлық оқытушылар құрамына тағы да алғысымды білдіремін! Бұл бірегей оқытушылар, бізбен бар күш-жігерін салып жұмыс істеді, төзімді де табанды болды. Алған теориялық білімімізді және практикалық дағдыларымызды өзіміздің компаниямыздың азаматтық қорғау саласында қолданатын боламыз.

Төтенше жағдайлардың алдын алу және жою мен азаматтық қорғауда өз қызметкерлерін оқыту үшін жоғары білікті және тиімді партнерлер табуға ұмтылған компанияларға «Азаматтық қорғау республикалық оқу-әдістемелік орталығымен» қызметтес болуды ұсынамын.





# *Мамандандырылған тоқсандық басылым*



**2000 жылдан бастап шығады**

**Басшы кітапханасы**

**ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСТЕРІ:**
75668 – қазақ тілінде;
75669 – орыс тілінде

**Құрылтайшы:**
**ҚР ІІМ Төтенше жағдайлар Комитеті Азаматтық қорғау республикалық оқу- әдістемелік орталығы**

**Редакциялық кеңес:**
Е. Н. Мельников
Б. К. Еңсебаев
Б. О. Бұлыбаева
А. А. Тасиева
З. А. Ашинова
А.Ө.Нүсіпжанова

**Қазақстан Республикасының Инвестициялар және даму министрлігінде 10.04.2012 жылы № 12678-Ж тіркелінген**

**НӨМІРДЕ:**

◆ Дистанциялық оқыту ережесі.2
◆ ҚР аумағында 2018 жылдың 12 айы ішінде туындаған төтенше жағдайлар деректерін талдау ....3
◆Азаматтық қорғаныс мүлкін сақтау, есепке алу, есептен шығару және кәдеге жарату қағидалары.....................................37
◆Азаматтық қорғаныс бойынша семинар-тренингтің жаңалығы……………………………60
◆Мемлекеттік бақылау мен қадағалауды жүзеге асырудың жаңа құқықтық аспектілері.....63
◆АҚ қоғамдық тәртіпті сақтау қызметінің лауазымды тұлғаларына арналған оқу құралы.......... ............................86
◆Біздің оқырмандарымыздың пікірлері...................................119

## ДИСТАНЦИЯЛЫҚ ОҚЫТУ ЕРЕЖЕСІ

***Азаматтық қорғау саласында оқудан өткісі келетін тұлға:***

**1.** www.tg-oku.kz сайтына орналастырылған:
– оқу бағдарламасымен;
– оқу материалдарымен;
– оқуға тапсырыс беру формасымен;
– оқуға арналған шарт жобасымен танысады.

**2.** Оқу Орталығына дистанциялық оқуға: (kursy@bk.ru, gz_center@mail.ru) электронды поштаға тапсырыс жібереді.

**3.** Шартта көрсетілген шартпен келіседі және Мемлекеттік сатып алу порталында шарт жасасады.

**4.** Пошта арқылы Оқу орталығынан Азаматтық қорғау бойынша оқу құралдарын тест сынағы сұрақтарын, сондай-ақ бақылау жұмыстарын алады.

**5.** Оқу бағдарламасына сәйкес, оқу материалдарын өз бетімен оқып меңгереді. Қажет болған жағдайда оқып жатқан тақырыбы бойынша электронды пошта арқылы жазбаша түрде консультация алады.

**6.** Бақылау жұмыстары мен тест сынағын тапсыру үшін оқу бөлімімен келісе отырып, өзіне ыңғайлы уақытта онлайн режимінде жеке тест сынағын тапсырады.

**7.** Азаматтық қорғау саласындағы оның дайындық дәрежесі анықталғаннан кейін Мемлекеттік үлгідегі сертификатты алады (Ескерту: дайындық дәрежесін емтихан алатын комиссия бекітілген әдістеме бойынша анықтайды, бұл жерде қорытынды тест сынағы және бақылау жұмысынан алған бағасы ескеріледі). Жасасқан шарттың шарттарына сәйкес оқуға көрсетілген қызмет ақысы төленеді.

***Байланыс телефондары:*** 8-(705)-301-7-301,
***Оқу бөлімі:*** 8-(727)-394-56-36
***Электронды пошта:*** < gz_center@mail.ru >
***Сайт:*** < www.tg-oku.kz >





*Біздің оқырмандарымыздың пікірлері*



## СӘЛЕМЕТСІЗДЕР МЕ, ҚҰРМЕТТІ РЕДАКЦИЯ!

***Катышкина Наталья*** *- «Богатырь Комир»ЖШС қала құрылысы кәсіпорнының ЕҚ және АҚ бойынша басқармасының өнеркәсіп және өрт қауіпсіздігін өнеркәсіптік бақылау қызметінің бас маманы.*

Бұл мақалада мен АҚ бойынша семинарда оқу барысындағы есімде ұзақ сақталып қалған жағымды және позитивті сәттермен бөліскім келеді.

ҚР ІІМ ТЖК «Азаматтық қорғау республикалық оқу-әдістемелік орталығында» оқудан өту кезеңінде, мен үшін курстардағы ең маңызды нәрсе көрнекі ақпараттар, практикалық оқулар, нақты түсіндірулер, менің көкейімде жүрген сұрақтарға жауап табуға көмектесті. Менің сабаққа деген құлшынысымның артуына топпен жұмыс істеу, сондай-ақ берген тапсырмаға өз бетіммен шешім қабылдау зор ықпалын тигізді. Бұл маған сабақта айтылған мәселелерді дұрыс сезініп түсінуіме және қабылдауыма мүмкіндік берді. Ең жағымды эмоцияны мейірімге толы атмосфера, оқытушылардың материалдарды риясыз жеткізе білуі менің курсқа келгендегі бар күдігімді сейілтті.

АҚ бойынша семинарлар таным шекарасын кеңейтеді, үнемі өсіп, жетіліп отыруға итермелейді. Біз АҚ саласында және оның объективті деңгейде жүзеге асуына практикалық бағытталған мазмұнды лекциялар тыңдадық. Айтарлықтай күрделі теориялық тақырыптар қол жетімді, қызықты нысанда жеткізілді. Лекторлардың жоғары кәсіби деңгейі азаматтық қорғау жүйесінің ерекшеліктерін түсінуге, оның қыры мен сырын білуге көмектесті.

Курстар барысында тыңдаушылар алдына қойған мақсаттарын ғана жүзеге асырып қойған жоқ, өздерінің одан әрі өсуі үшін жаңа мақсаттар қалыптастырды. Курстар өздерінің мазмұнымен, жаңалықтарымен,

**Алынған өкімдерді және**
**ұсынылған хабарламаларды**
**ТІРКЕУ ЖУРНАЛЫ**

**ТЕКСЕРУ ЖУРНАЛЫ**

| № | Тексеру күні | Тексеру нәтижесі | Орындалуы туралы белгі |
|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 |
| | | | |
| | | | |
| | | | |
| | | | |
| | | | |
| | | | |





# ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ АУМАҒЫНДА 2018 ЖЫЛДЫҢ 12 АЙЫ ІШІНДЕ ТУЫНДАҒАН ТӨТЕНШЕ ЖАҒДАЙЛАР ДЕРЕКТЕРІН ТАЛДАУ



12 ай ішінде Төтенше жағдайлар комитетінің қызметі халықты, ел аумағын төтенше жағдайлардың жағымсыз ықпал жасауынан қорғауға бағытталды.

Өрт қауіпсіздігі саласында жыл басынан бастап шаруашылықпен айналысатын объектілер мен тұрғын үй секторларында өрттің алдын алу жөнінде тиянақты жұмыс жүргізілді, сөйтіп **40 727** объектінің өртке қарсы жағдайлары тексерілді, соның ішінде **2 416** өндірістік объектілер мен тіршілікпен қамтамасыз ету объектілері және **38 311** әлеуметтік-мәдени бағыттағы объектілердің жағдайына тексеру жүргізілді. Тексеру барысында өрт шығу қауіпін тудыратын **38 311** тәртіп бұзушылық анықталды. Өрт қауіпсіздігі ережесін бұзғандығы үшін **21 916** адам әкімшілік жауапкершілікке тартылды, соның ішінде **9 194** лауазымды тұлғаға **246 млн. 693 мың** теңге сомасында айып салынды.

Бұқаралық ақпарат құралдарында халықты оқыту және хабарландыру үшін – **62 366** жалпылама ақпараттар берілді, оның **6 212**-і теледидар арналарынан, **16 189**-і баспа өнімдерінен, **14 986**-і радиодан және дауыс күшейткіш құрылғыларынан, **10 054**-і – ақпараттық таспалардан, **14 925** – ведомстволық веб-сайттардан берілді.

ҚР ТЖК авариялық-құтқару қызметі тұрақты дайындықпен қамтамасыз етілді және жабдықталу деңгейі арттырылды, есеп беру кезеңі ішінде **69 474** рет шығып, ТЖ аймағынан **11 167** адам көшірілді, зардап шеккен **5 053** адамға медициналық көмек көрсетілді.

Өрт сөндіру және авариялық-құтқару қызметі **4 133** адамды құтқарды, ТЖ аймағынан **22 192** адам көшірілді, **53 865** рет авариялық-құтқару қызметіне шықты: соның ішінде өртке - **13 571**, авариялық-құтқару қызметіне – **4 926**, өрт ретінде саналмайтын жануларға – **33 695**, жалған дабылдарға –112, жану фактісі расталмаған дабылдарға – **1 561** рет шықты.

Сақтандыру шараларының қолданылуына қарамастан жедел мәліметтер бойынша, ағымдағы жылы Қазақстан Республикасы аумағында **16 619** төтенше жағдайлар мен табиғи және техногендік сипаттағы оқиғалар тіркелді (2017 жылдың осы мерзіміне қарағанда 6,2% -ға аз) ірі жол-көліктік оқиғаларын қосқанда. Бұл жағдайда **3 567** адам зардап шекті (2017 жылдың осы мерзіміне қарағанда 5,4%-ға кем), оның ішінде **1033** адам қаза тапты (2017 жылдың осы мерзімімен салыстырғанда 5,5%-ға аз). Алдын-ала деректер бойынша материалдық шығын **3 млрд. 5 млн. 300 мың** теңгені құрады, өткен жылдың осы кезеңімен салыстырғанда 15,4% -ға артты (2017 жылы – 2 млрд. 603 млн. 800 мың теңгені құраған).

Сонымен қатар, **техногенді сипаттағы төтенше жағдайлардың саны 14 596** оқиға (ТЖ жалпы санының 87,9%). Өткен 2017 жылдың осы кезеңімен салыстырғанда техногенді сипаттағы төтенше жағдайлардың саны 663 оқиғаға азайды немесе 4,3%- ға кем. Зардап шеккен адамдар саны **1 646** адамды құрады, (2017 жылдың осы мерзімімен салыстырғанда 14,3%-ға кем), бұлардың 682 адамы қаза болды (2017 жылдың осы кезеңімен салыстырғанда 4,4% -ға көп).

Сонымен қатар **табиғи сипаттағы төтенше жағдайлардың саны 2 023** оқиға немесе ТЖ жалпы санының 12,1%-ы. 2017 жылдың осы кезеңімен салыстырғанда 441 оқиғаға азайды, немесе 17,9%- ға кем. Зардап шеккен адамдар саны **1 921** адам (өткен 2017 жылдың осы кезеңімен салыстырғанда 3,7 оқиғаға көп, олардың 351 қаза болды (өткен 2017 жылдың осы кезеңімен салыстырғанда 20,2%-ға кем).



ТЖ жалпы саны бойынша зардап шеккен адамдар санының барынша артуы: **Шығыс Қазақстан** облысында – 13,8% (2293), **Алматы** облысында – 11,8% (1964), **Қарағанды облысында** – 10,9% (1819), **Қостанай облысында** – 7,1% (1175), **Павлодар** облысында – 6% (989), **Ақмола** облысында – 5,8% (971), **Солтүстік Қазақстан** облысында – 4,9% (809) тіркеліп отыр.





**АҚ құрылымдары жеке құрамын**
**жұмыс және жұмыстан тыс уақытта хабарландыру**
## СЫЗБА НҰСҚАСЫ




Ескерту:

1. Жұмыс уақытында ішкі телефон байланысымен хабарландыру, содан кейін звено командирлері арқылы жекелеп хабарлау.

2. Қатты жер сілкінісінің болған фактісі құрылымның жеке құрамы үшін жиналу дабылы болып табылады.

## Табельдік мүлікпен жабдықтау сызба НҰСҚАСЫ

_______________________________________

(құрылымның атауы)

| № | Мүліктің атауы | Штат бойынша белгіленген | Қолда бары |
|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 |
| | | | |
| | | | |
| | | | |
| | | | |
| | | | |
| | | | |

Жауапты ________________________

(АҚШ объекті басшыларының шешімімен анықталады)

## Азаматтық қорғау қоғамдық тәртіпті сақтау қызметі жеке құрамының ШТАТТЫҚ-ЛАУАЗЫМДЫҚ ТІЗІМІ

| № | Лауазымы | Тегі, аты, әкесінің аты | Жұмыс орны, негізгі лауазымы, жұмыс телефоны | Үйінің мекен-жайы, телефоны, кім хабарландырады |
|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 |
| | | | | |



ҚР ІІМ Төтенше жағдайлар комитеті

ТЖ-да зардап шеккендердің саны айтарлықтай қысқарғаны: **Алматы** облысында 14,7% (338 оқиғаға), **Ақмола** облысында – 12,2% (135 оқиғаға), **Жамбыл** облысында 9,8% (99 оқиғаға), **Қарағанды** облысында – 7,9% (154 оқиғаға), **Шығыс Қазақстан** облысында – 7,7% (190 оқиғаға), **Қостанай** облысында – 5,5% (69 оқиғаға) **Павлодар** облысында – 4,6% (48 оқиғаға) және **Астана** қаласында 9,6% (72 оқиғаға) байқалады.

Дегенмен де зардап шеккендердің саны: **Атырау** 53,8% (64 адамға); **Түркістан** 28,2% (145 адамға); **Қызылорда** 25,6% (66 адамға); **Павлодар** 37,5% (15 адамға); **Батыс Қазақстан** 7,6% (11 адамға); **Қостанай** 2,2% (11 адамға) облыстарында артты.

Қаза болғандардың санының барынша азаюы **Алматы** 24,7% (47 адамға), **Қостанай** 20% (11 адамға), **Солтүстік Қазақстан** 17,9% (12 адамға), **Маңғыстау** 13% (6 адамға), **Ақмола** 10,7% (8 адамға) облыстарында және **Астана** қаласында 16% (4 адамға) көрініп отыр.

Сонымен қатар, қаза болғандардың саны: **Ақтөбе** 60,4% (32 адамға), **Павлодар** 24,5% (13 адамға), **Атырау** 22,5% (9 адамға), **Батыс Қазақстан** 6,3% (2 адамға), **Қарағанды** 7,5%(5 адамға) облыстарында барынша өсіп отыр.

Адам шығынының ең көп саны **Алматы** (143), **Шығыс Қазақстан** (133), **Түркістан** (98), **Ақтөбе** (85), Жамбыл (64), **Павлодар** (66), **Қарағанды** (72), **Ақмола** (67), **Солтүстік Қазақстан** (55), **Қостанай** (44) облыстарында орын алды.

## ТЕХНОГЕНДІК ТӨТЕНШЕ ЖАҒДАЙЛАР



Есепті мерзімде **14 596** техногендік сипаттағы төтенше жағдай мен оқиға болды (2017 жылғымен салыстырғанда 4,3% ға кем), соның ішінде **14 164** (97%) тұрмыстық және өндірістік өрт болды. Осы жағдайлардан **1646** адам зардап шекті, оның ішінде **682** адам қаза тапты.

# ӨРТТЕР МЕН ЖАРЫЛЫСТАР, ОТ ПЕН ГАЗДЫҢ КЕНЕТТЕН ШЫҒУЫ

Есепті кезеңде өндірістік, тұрмыстық өрт, газ жарылыстары, техногендік сипаттағы қайғылы оқиғалар, жарылыстар және оқ-дәрілердің табылуы туралы **14 469** хабар түсті. Бұл жағдайда **1 399** адам зардап шекті, олардың **585-і** мерт болды.

## ӨРТТЕР

Жедел деректер бойынша ағымдағы жыл бойында **14 164** өндірістік және тұрмыстық өрт шықты. (Жалпы санның 97%-ы техногендік төтенше жағдайлар). Онда **846** адам зардап шегіп, соның ішінде **434** адам қаза тапты. Материалдық шығын **2 млрд. 797 млн.** теңгені құрады.



Өткен жылдың осы кезеңіменсалыстырғанда өрт 3,8%-ға кеміді, зардап шеккендер саны 14,2%-ға өсті, мерт болғандар саны 5,6%-ға көбейіп, материалдық шығын 23,4%-ға артты.

Өрт мөлшері азайған облыстар: Ақмола 12%-ға (129 оқиғаға), Алматы 13%-ға (265 оқиғаға), Жамбыл 11% (83 оқиғаға), Қарағанды 8%-ға (152 оқиғаға), Қызылорда 8%-ға (42 оқиғаға), Атырау 8%-ға (29 оқиғаға), Түркістан 13%-ға (68 оқиғаға), Павлодар 7%-ға (65 оқиғаға), Шығыс Қазақстан 5%-ға (107 оқиғаға), Қостанай 3%-ға (34 оқиғаға), және Астана қаласы 7%-ға (49 оқиғаға) кеміді.

Өрт санының өсуі: 10% (32 оқиғаға) **Маңғыстау**, 5% (34 оқиғаға) **Батыс Қазақстан облыстарында** және **Алматы қаласында** 7% (51 оқиғаға) жетіп отыр.

Өрт кезінде адамдардың қаза болуы: 5 адамға **Қостанай**, 4 адамға **Солтүстік Қазақстанда**, 2 адамға **Батыс Қазақстанда**, 1 адамға **Ақмола** облыстарында және **Алматы** қаласында 1 адамға кеміп отыр.





Нұсқа

______________________
(объектінің атауы)

**Дайындыққа келтіру**
**ЖОСПАРЫ**

____________________________________
**(құрылымның атауы)**

*Ескерту:*

1. Дайындыққа келтіру жоспары 2 данада жасалады:
- бір данасы ұйымда сақталады;
- екінші данасы құрылымның командирінде сақталады;
2. құрылымның командирінде жеке құрамның штаттық-лауазымдық тізімі болады

__________________________________________
(құрылымның атауы)

| | |
|---|---|
| Құрылымның базасы | ______________ |
| Құрылымның командирі | ______________ |
| Жеке құрамның саны | ______________ |
| Жиналу орны | ______________ |
| Дайындыққа келтіру мерзімі | ______________ |
| Мекен-жайы | ______________ |
| Телефоны | ______________ |

**№1-қосымша**

## Азаматтық қорғау қызметін бейбіт уақыттан соғыс жағдайына ауыстыру кезіндегі Азаматтық қорғаныс бастығының негізгі шараларды жүргізу КҮНТІЗБЕЛІК ЖОСПАРЫ

| № п/п | Шаралардың атауы | Жал. орының шаның. (сағ) | Орындалу мерзімі | | | | | | | | | | | | | | | | Орын-даушылар |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | минут | | | | Бірінші тәуліктегі сағаттар | | | | | | | | | Келесі тәуліктер-дегі | | | |
| | | | 5 | 15 | 30 | 60 | 2 | 3 | 4 | 6 | 8 | 12 | 16 | 20 | 24 | 2 | 3 | 5 | |
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 | 8 | 9 | 10 | 11 | 12 | 13 | 14 | 15 | 16 | 17 | 18 | 19 | 20 |
| | I. Күнделікті дайындық дәрежесі кезінде | | | | | | | | | | | | | | | | | | |
| | II. 1-ші топ бірінші кезекті шараларды жүргізуге өкім алысымен | | | | | | | | | | | | | | | | | | |
| | III. 2-ші топ бірінші кезекті шараларды жүргізуге өкім алысымен | | | | | | | | | | | | | | | | | | |
| | IV. «АҚ жалпы дайындығын» жүргізумен | | | | | | | | | | | | | | | | | | |
| | V.Эвакошаралар өткізуге өкім алысымен | | | | | | | | | | | | | | | | | | |
| | VI. «Әуе дабылы» сигналын алысымен | | | | | | | | | | | | | | | | | | |
| | VII. «Әуе дабылы тоқтатылды» сигналын алысымен | | | | | | | | | | | | | | | | | | |

Бастықтың орынбасары - азаматтық қорғау қызметі Қоғамдық тәртіпті сақтау қызметі штаб бастығы ______________ ТАӘ



ҚР ІІМ Төтенше жағдайлар комитеті

Өрт кезінде адамдардың қаза болу санының өсуі мына облыстарда артып отыр: Ақтөбе 50 адамға, Шығыс Қазақстан 18 адамға, Атырау 8 адамға, Солтүстік Қазақстан 4 адамға, Түркістан 1 адамға, Павлодар 9 адамға, Қарағанды 1 адамға.

Сонымен қатар, адамдардың мас күйінде төсекте шылым шегуі олардың қаза табуына алып келетін негізгі себеп болып (есеп беру мерзімі ішінде 107 адам немесе 24,6%) отыр.

Ағымдағы жылдың қорытындысы бойынша болған ең ірі өрттер:

***Тұрғын үй секторында:***

5 қаңтарда Астана қаласында тұрғын үй пәтерінде өрт шықты, ауданы 18 $м^2$. Өрт нәтижесінде улы газбен уланған 1 адам ауруханаға жатқызылды.

7 қаңтарда Қызылорда облысы Кызылорда қаласында тұрғын үй пәтерінде өрт шықты, ауданы 130 $м^2$. Өрт болған жерде 1 адамның мәйіті табылды. Өрт 35 минут ішінде өшірілді.

28 қаңтарда Шығыс Қазақстан облысы Зырянов ауданында тұрғын үй пәтерінде өрт шықты, ауданы 80 $м^2$. Өрт болған жерде 1 адамның мәйіті табылды. Өрт 3 сағаттың ішінде өшірілді.

15 ақпанда Қарағанды облысы Қарағанды қаласында жеке тұрғын үйде өрт шықты, ауданы 70 $м^2$. Өрт орнынан 1 адамның мәйіті табылды және улы газбен уланған 1 адам ауруханаға жатқызылды. Өрт шығуының себебі анықталуда. Өрт 20 минут ішінде тоқтатылды.

6 наурызда Павлодар облысы Павлодар қаласында жеке тұрғын үйде өрт шықты, ауданы 80 $м^2$. Өрт орнынан 1 адамның мәйіті табылды және улы газбен уланған 1 адам ауруханаға жатқызылды.

13 сәуірде Ақмола облысы Степногорск қаласында жеке тұрғын үйде өрт шықты, ауданы 96 $м^2$. Өрт орнынан мәйіт табылды. Өрт 30 минут ішінде тоқтатылды.

7 мамырда Батыс Қазақстан облысы Орал қаласында тұрғын үйде өрт шықты, ауданы 50 $м^2$. Өрт орнынан жанып кеткен адамның мәйіті табылды. Өрт 30 минут ішінде тоқтатылды.

25 мамырда Алматы облысы Қаратал ауданында жеке тұрғын үйде өрт шықты, ауданы 148 $м^2$. Өрт орнынан 1 адамның мәйіті табылды. Өрт 1 сағаттың ішінде өшірілді.

2 маусымда Шығыс Қазақстан облысы Шемонаиха ауданында жеке

тұрғын үйдің ауласындағы цех өртенді және жапсарлас салынған ауданы 480м$^2$ дүкен өртенді.

1 шілдеде Қостанай облысы Риддер қаласында жеке тұрғын үйде өрт шықты, ауданы 70 м$^2$. 1982 жылы туған азамат А.А. Климов күйікпен ауруханаға жатқызылды.



4 тамызда Жамбыл облысы Т.Рысқұлов ауданында жеке тұрғын үйдің аумағындағы шөп маясы мен 8000 түк шөп өртенді. Ауданы 250 м$^2$. Өрт 2 сағаттың ішінде сөндірілді.

2 қыркүйекте Ақмола облысы Шортанды қаласында ауданы 120 м$^2$ пәтерде өрт шықты. Күйік алған 1 адам ауруханаға жатқызылды. Өрт 30 минут ішінде тоқтатылды.

6 қыркүйекте Ақмола облысы Астрахань ауданында жеке тұрғын үйде өрт шықты, ауданы 100 м$^2$. Өрт орнынан күйіп кеткен 1 адамның мәйіті табылды. Өрт 2 сағаттың ішінде сөндірілді.

4 қазанда Астана қаласында жеке тұрғын үйде өрт шықты, ауданы 30м$^2$. Улы газбен уланған 1 адам ауруханаға жатқызылды. Өрт 15 минут ішінде тоқтатылды.

9 қарашада Алматы облысы Қарасай ауданында екі қабатты «Жанна» мейрамханасының жаппасы өртенді, ауданы 332 м$^2$. Өрттің алдын ала болжалған себебі - электрсымының қысқа тұйықталуы. Өрт 30 минут ішінде өшірілді.

6 желтоқсанда Астана қаласында тұрғын үйде ауданы 5 м$^2$ үй заттары мен жираздары өртенді. Өрт орнынан 1 адамның мәйіті табылды. Өрт 20 минут ішінде өшірілді.

***Автокөліктерде:***

15 қаңтарда Шымкент қаласында «Ташкент-Кызылорда» а/ж, маркасы «КамАЗ» а/м кабинасы өртенді. Өрттің нәтижесінде күйік алған жүргізуші ауруханаға жатқызылды. Өрт 40 минут ішінде өшірілді.





## АҚжШЖ ЖҮРГІЗУ ОБЪЕКТІСІ

1. ЖЕР СІЛКІНІСІ КЕЗІНДЕ

________________________________________

2. СЕЛ ТУЫНДАУЫ КЕЗІНДЕ

(Тартылатын Азаматтық қорғау қоғамдық тәртіпті сақтау қызметі құрылымдары үшін)

________________________________________

3. ХИМИЯЛЫҚ ҚАУІПТІ ОБЪЕКТІЛЕРДЕ АВАРИЯЛАР БОЛҒАН КЕЗДЕ (Тартылатын Азаматтық қорғау қоғамдық тәртіпті сақтау қызметі құрылымдары үшін)

________________________________________

АҚжШЖ ЖҮРГІЗІЛЕТІН АУДАН (ЗАПАСТАҒЫ)

1. Қазақстан Республикасының басқа аудандарында жер сілкінісі, авариялар және басқа апаттар кезінде. (Өзара әрекет ету жоспарына сәйкес, артылатын Азаматтық қорғау қоғамдық тәртіпті сақтау қызметі құрылымдары үшін)

________________________________________

АҚ жоспарына қосымша:

1. Бейбіт уақыттан соғыс жағдайына ауыстыру кезіндегі АҚ бастығының негізгі шараларды жүргізетін күнтізбелік жоспары.

2. Заманауи соққы беру құралдарын қолдану кезіндегі (карта, масштабы Азаматтық қорғаныстың тиісті бастығының шешімімен анықталады) ықтимал жағдайлар.

3. Азаматтық қорғану қызметі құрылымдарын топтастыру, азаматтық қорғау құрылымдары (тұрақты жазба).

4. Халықты қорғау бойынша АҚ негізгі шаралары (тұрақты жазба).

5. Соғыс уақытында хабарландыру және байланысты ұйымдастыру сызған нұсқасы.

6. Эвакуация жоспары, эвакуацияланатын персоналдарды бөлу және орналастыру (карта, М 1: 500 000 түсіндірме жазба).

7. Авариялық-қалпына келтіру жұмысы үшін тартылатын, кезекші күштер мен құралдар.





18 ақпанда Батыс Қазақстан облысы Зеленов ауданында «Уральск-Атырау» а/ж 47 км-де, жүк а/м өртенді, маркасы «Volvo», металл құбырлар мен кабельдер өртенген. Жүргізуші күйік алып ауруханаға жатқызылды. Өрт 1,5 сағаттың ішінде өшірілді.



31 наурызда Қостанай облысы Әулиекөл ауданында жеке тұрғын үйдің автотұрағында маркасы «Фольксваген Т-4» өртенді (толықтай отқа оранды), салонынан 1 адамның мәйіті табылды. Өрт 15 минут ішінде сөндірілді.

26 мамырда Шығыс Қазақстан облысы Семей қ. «Семей-Павлодар» а/ж 6 км-де фронтальды тиеу машинасының салоны өртенді, маркасы «XCMG LW321F», ауданы 2 м². Нәтижесінде, улы газбен уланған 1 адам ауруханаға жатқызылды.

20 маусымда Павлодар облысы Павлодар қаласында автоаялдамада ЖЖМ құйылған цистерна (бензин, 16 тонна) және маркасы «КамАЗ» а/м өртенді, көлемі 45 м². Өрт 1 сағаттың ішінде өшірілді. Өрт сөндіру барысында әуе газ қоспасы атылды, нәтижесінде күйік алған 2 адам ауруханаға жатқызылды.

11 шілдеде Қызылорда облысы Қызылорда қаласында жеке тұрғын үйдің ауласында жеңіл автомобиль өртенді. Күйік алған 1 адам ауруханаға жатқызылды.

7 тамызда Павлодар облысы Екібастұз, қаласынан 8 км жерде ауыл арасындағы авто жолда маркасы «ВАЗ-21214» жеңіл а/м өртенді. Өрт 10 минут ішінде өшірілді. Машинаның салонынан 1 адамның мәйіті табылды.

5 қазанда Маңғыстау облысы, Жаңаөзен ауданында «КазГПЗ»ЖШС аумағында авто газ станциясында газбен жүретін «МАЗ» маркалы автомашинаны газбен толтыру кезінде газауақоспасының жарылуымен 2 газовоз ішінара өртенді. Нәтижесінде алған күйіктен 1 адам сол жерде қаза болып және 1 адам ауруханаға жатқызылды.

***Темір жол көлігінде:***



3 қаңтарда Жамбыл облысы Т. Рысқұлов ауданында «Малдыбай-Луговая» т/ж асуының 3606 км-де «Шымкент-Алматы» бағытындағы № 26 жолаушылар поезінің (құрамында 10 вагон бар) вагондарының жаппасы жанды, аумағы 3 $м^2$. Өрт бөлімшесі келіп жеткенше, өрт «ҰК «КТЖ»АҚ күшімен өшірілді. 02-40-де соңғы вагондағы электрмен жабдықтаудың болмауынан, 24 жолаушы «Орал-Алматы» бағытындағы № 50 жүк поезына ауыстырылды. Қаза болғандар мен зардап шеккендер жоқ. Поездың тоқтауы 1 сағат 4 минут. Басқа поездардың қозғалысы бұзылған жоқ.

***Қоғамдық ғимараттарда:***

5-қаңтарда Түркістан облысы Сайрам ауданында ГККП «Сайрам бөлімінің облыстық туберкулезге қарсы диспансері» МКҚК-ның аурулар палатасында 1-і қабатта төсек-орын жабдықтары өртенді. 37 адам көшірілді. Өрттің ауданы 4 $м^2$ құрады.

6 ақпанда Алматы облысы Еңбекшіқазақ ауданында, Архангел Михаил храмының шатыры, күмбезі, төбесінің жаппасы және қабырғасы өртенді, Өрттің алған аумағы 450 $м^2$ . Соңынан күмбезі және төбесінің жаппасы қирады, аумағы100 $м^2$ (жақын жердегі ӨС 24 км). Өрт 2 сағаттың ішінде тоқтатылды.

4 шілдеде Шығыс Қазақстан облысы Өскемен қаласында «Дар» ЖШС ғимаратының жаппасы өртеніп, 3- қабаттағы офиске ауысты, ауданы 450 $м^2$. Өрт 1 сағаттың ішінде тоқтатылды.

9 қыркүйекте Астана қ. жас өспірімдерге арналған «Жастар» театрының жаппасы өртенді, өрттің алған ауданы 50$м^2$. Эвакуация жүргізілген жоқ. Өрт 30 минуттің ішінде тоқтатылды.

***Сауда-көңіл көтеру орындарындағы өрттер:***

3 қаңтарда Алматы облысы Қапшағай қаласында 2 қабатты ғимарат өртенді (автобөлшектер дүкені және «Рай» түнгі клубы). Өрттің алған ауданы 400 $м^2$. Өрт 4 сағаттың ішінде тоқтатылды.

26 мамырда Шымкент қаласында бір қабатты «Алма» кафесінің





-құрамдар және жабдықтар, азаматтық қорғау (АҚ) күштері құрылымдарын дайындыққа келтіру мерзімі;

-АҚжШЖ жүргізу үшін ұйғарылған, АҚ құрылымдары (АҚҚ) құрамы және жабдықталуы;

-АҚҚ жеке құрамы мен жараланғандарға медициналық көмек ұйымдастыру;

-аумақтық АҚҚ құрамына бөлінетін күштер мен құралдар;

-АҚҚ жұмысқа қабілетін қалыпқа келтіру және оларды одан әрі қолдану тәртібі;

-ұйымдар мүддесіне әрекет ететін күштер мен құралдар.

*Ескерту*: бейбіт және соғыс уақытында ТЖ-ға ұшырауы мүмкін ұйымдарды ескере отырып, күштер мен құралдарды топтастыруды алдын ала құру керек.

*Басқару мен байланысты ұйымдастыру*

Қалалық «аудандық) басқару пункттерімен байланыстың болуы және ол бұзылған жағдайда қалпына келтіру тәртібі, қолданылатын шаралар мазмұндалады.

*Ескерту*: хабарландыру сызған нұсқасы әзірленеді және алдын ала жаслады. Хабарландыру сызған нұсқасын мезгіл-мезгіт тексеріп және түзетіп отыру қажет.

*Әскери қолбасшымен өзара әрекеттестікті ұйымдастыру*

Республика аумағында немесе жекелеген жерлерде соғыс әрекеттері туындаған немесе туындау қауіпі кезінде соғыс жағдайы енгізіледі. Жергілікті жер әскери қолбасшы органдарымен өзара әрекеттестікті жүзеге асырады.

Әскери қолбасшы органдарымен өзара әрекеттестікті уәкілетті орган ведомствосының аумақтық бөлімшелері жүзеге асырады (қалалық немесе аудандық ТЖБ және ТЖ бөлімі).

***«Баршаның назарына!»*** *хабарландыру дабылы бойынша шараларды ұйымдастыру және жүргізу*

-***«Баршаның назарына!»*** дабылы бойынша жұмысшыларды хабарландыру;

-персоналдарды қорғаныс ғимараттарына жасыру;

-тәуліктің қараңғы кезінде жарықпен бүркемелеу режімін енгізу (толық қараңғылау).

## 3.Соғыс уақытында жүргізетін Азаматтық қорғаныс шаралары

*Азаматтық қорғау басқару органдарын және қызмет персоналын хабарландыру*

Бөлімде АҚ басқару органдарын және халықты хабарландыру және ұйымдастыру, сондай-ақ қалалардағы немесе аудандардағы ТЖ басқармалары мен ТЖ бөлімдерінде ақпаратты беру тәртібі мазмұндалады.

*Инженерлік қорғау*

Объектіні инженерлік қорғау персоналды қорғау және қарсыластардың заманауи соққы беру құралдарын қолдануының ықтимал салдарларының материалдық шығындарын азайту мақсатында өткізіледі.

*Радиацияға қарсы, химиялық және бактериологиялық қорғау*

Бөлімде ұйымдардың аумағына радиациялық немесе химиялық қауіп төнуі кезінде, салдарлрын азайту мақсатында қолданатын ұйымдастыру тәртібі мазмұндалады.

*Медициналық қорғау*

Бөлімде қарсыластардың заманауи соққы беру құралдарын қолданудан зақымданушыларға алғашқы көмек көрсетумен байланысты, медициналық қорғау шаралары мазмұндалады.

*Эвкуациялық шаралар*

Эвакуация бойынша шараларды ұйымдастыру:

-персоналдарды және олардың отбасы мүшелерін эвакуациялау мерзімі мен тәртібі және оларды жүргізуге арналған күштер мен құралдардың, қозғалыс бағыттарының мерзімі мен тәртібі;

-материалдық құндылықтарды және басқаларды шығару тәртібі.

*Материалдық-техникалық қамтамасыз ету*

Қарсыластардың заманауи соққы беру құралдарын қолдану салдарларын жоюға талап етілетін материалдық шығындар мен қаржылық қаражаттардың есептемесі қарастырылады. АҚжШЖ жүргізу үшін тартылған құрылымдарды, техникамен, қорғаныс құралдарымен, байланыспен, радиациялық-химиялық барлау аспаптарымен (АЗБ), дәрі-дәрмекпен, азық-түлікпенқұрылыс материалдарымен және арнайы жұмыс жүргізумен және АҚ басқа да міндеттерін шешумен байланысты қажетті құралдармен қамтамасыз ету мазмұндалады.

*Авариялық-құтқару және басқа шұғыл жұмыстар жүргізу.*

АҚжШЖ жүргізуді ұйымдастыру:



ҚР ІІМ Төтенше жағдайлар комитеті

шатырында өрт шықты, ауданы 230 м$^2$. Өрт 1 сағаттың ішінде тоқтатылды.

30 шілдеде Маңғыстау облысы Бейнеу ауданында жеке тұрған бір қабатты «Руслан» мейрамханасында, ағаш жаппа өртенді, ауданы 680 м$^2$. Өрт 2 сағаттың ішінде тоқтатылды.

9 тамызда Шығыс Қазақстан облысы Шымкент қаласында жеке тұрған «Гала» кафесінде «Гала» төбесінің жаппасы өртеніп, ол оның шатырына ұласты, жалпы ауданы 400 м$^2$. Өрт 1 сағаттың ішінде тоқтатылды.

9 қазанда Ақмола облысында мейрамхананың 2 қабатты жеке тұрған ғимаратында өрт болып, көлемі 435 м$^2$ жерді қамтыды. Өрт 1 сағаттың ішінде тоқтатылды.



9 карашада Алматы облысы Карасай ауданында 2 қабатты «Жанна» мейрамханасының жаппасы өртенді, ауданы 332 м$^2$. Өрт 30 минуттің ішіеде өшірілді.

***Ауыл шаруашылығы объектілерінде:***

7 қаңтарда Алматы облысы Іле ауданында «Сары Бұлақ Компаниясы» ЖШС, құс фабрикасы аумағында қызмет істемейтін ангар өртенді, ол ары қарай жалпы ауданы 3312 м$^2$. жерді шарпыды. Өрт 25 минуттың ішінде тоқтатылды.

5 мамырда Алматы облысы Еңбекшіқазақ ауданында «Куликова»ЖШС бордақылау зауытында ангар түріндегі 2 мал шаруашылығы фирмасының жаппасы өртенді, жалпы ауданы 1000 м$^2$ (жақын жердегі ӨБ дейінгі көлем толық отқа оранды 25 км).

10 шілдеде Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданында «Қаратомар» ЖШС аумағында мал шаруашылығы базасы өртенді, көлемі 1500 м$^2$. (жақын тұрған өрт бөлімінің арақашықтығы 25 км).

3 қазанда Алматы облысы Жамбыл аданында «Айтұмар»ШШ-да шөпқорада маяланған шөп өртенді (175 тонна) ауданы 1750 $м^2$. Өрт 2 сағаттың ішінде тоқтатылды.

***Өндірістік және өнеркәсіп кәсіпорындарындағы өрттер:***

24 қаңтарда Астана қ., Сарыарқа ауданында «Иноил ЛТД» ЖШС мұнайбазасы аумағында екі қабатты әкімшілік-өндірістік ғимараттың 2-ші қабатында өрт шықты, өрт содан кейін ғимараттың шатырына жайылды. Мұнайбазасы жұмысшылары ғимаратты өз беттерімен тастап шықты. Өрттің алған ауданы 500 $м^2$ . Өрт 2 сағаттың ішінде тоқтатылды.

3 ақпанда Павлодар облысы Павлодар қаласында, «Павлодар мұнайхимия зауыты» ЖШС ашық алаңында 4-х метр биіктікте тік орнатылған диаметрі 350 мм мұнай түтігі жарылды, соңынан лаулап жана бастады (мұнай өнімдері төгілген жоқ). Өрт «Өрт сөндіруші» АҚҚ күшімен 1 сағаттың ішінде тоқтатылды (23 жұмысшы және 8 техника бірлігі). Қаза болғандар мен зардап шеккендер жоқ. Өрт өндірістік процеске әсер еткен жоқ.



24 мамырда Солтүстік Қазақстан облысы М.Жұмабаев ауданында бір қабатты ұн тартатын цехтың жаппасы өртенді. Өрттің алған ауданы 1500 $м^2$. Өрт 30 минут ішінде тоқтатылды.

17 тамызда Солтүстік Қазақстан облысы Петропавл қаласында «ДСТ-СК»ЖШС асфальтобетон зауытының аумағында 8 сыйымдылық битуммен өртенді, ауданы 70 $м^2$. Өрт 30 минут ішінде тоқтатылды.

20 желтоқсанда Жамбыл облысы Жамбыл ауданында «Амангельдинский ГПЗ» ЖШС УПН-100 мұнай өңдейтін құрылыста мұнайды қыздыру үшін пешке от жағу кезінде ауагазқоспасы жарылып, мұнайкен орны жанды, ауданы 8 $м^2$. Өрт 30 минут ішінде тоқтатылды. нәтижесінде күйік алған 2 адам ауруханаға жатқызылды.





**1. Қарсылас шабуыл жасаған жағдайда болуы ықтимал жағдайды қысқаша бағалау**

*1. Заманауи зақымдау құралдарын қолдану кезіндегі шабуыл жасауы ықтимал объекті және диверсиялық-барлау тобы*

1. Шабуыл жасау объектілерінің қысқаша сипаттамасы. Азаматтық қорғаныс жүргізу және ұйымдастыруға ықпал ететін ерекшеліктері.

2. Қарсылас шабуыл жасағаннан кейін аумақтағы және ұйымдардағы ықтимал жағдайларды қысқаша бағалау және диверсиялық-барлау тобының әрекеттері (ДБТ).

Ғимараттар мен құрылыстардың ықтимал қирау, өнеркәсіп өндірісінің, персоналдың, азаматтық қорғау (АҚ) күштері және құралдарының шығын дәрежесі.

Радиациялық, химиялық, өрт, медициналық және биологиялық жағдайлар, апаттық су басу аймағының пайда болуы.

Зақымдаудың қайталама факторларынан шығындар.

Азаматтық қорғаныс (АҚ) шараларын жоспарлы орындау кезіндегі, қарсылас кенеттен шабуыл жасаған кездегі, алда тұрған авариялық құтқару және шұғыл жұмыстардың шамамен көлемі.

3. Ықтимал жағдайларды бағалаудың қорытындысы.

**2. Дайындық дәрежесін жүргізу кезіндегі шаралар**

*Азаматтық қорғаныс дайындық дәрежесін жүргізу кезіндегі «Бірінші топтың бірінші кезекті шаралары»*

Бөлімде бейбіт уақыттан соғыс жағдайына жоспарлы түрде ауысу кезінде АҚ дайындық дәрежесі бойынша шараларды орындау тәртібі және ұйымдастыру, көлемі, өткізу мерзімі, тартылатын күштер мен құралдар, осы шараларды орындаушылардың нақты міндеттері мазмұндалады.

1. Азаматтық қорғаныс дайындық дәрежесі бойынша орындау мерзімі және көлемі, ұйымдастыру:

- Азаматтық қорғаныстың бірінші тобының бірінші кезекті шаралары;
- Азаматтық қорғаныстың екінші тобының бірінші кезекті шаралары
- Азаматтық қорғаныс дайындық дәрежесін жүргізу кезіндегі «Жалпы» шаралар.

Нұсқа

«БЕКІТЕМІН»

Қызмет бастығы ___________АҚ –

ұйымның басшысы

__________________________________

(ТАӘ)

20___ жылғы «_____»___________

**Азаматтық қорғау қоғамдық тәртіпті сақтау қызметінің**

**Азаматтық қорғаныс**

**ЖОСПАРЫ**

___________________

Жағдай бойынша түзетілген:

20___ж. «_____»_______АҚШБ__________

20___ж. «_____»_______АҚШБ __________

20___ж. «_____»_______АҚШБ __________

20___ж. «_____»_______АҚШБ __________

20___ж. «_____»_______АҚШБ __________





## ӨНДІРІСТІК АВАРИЯЛАР



Ағымдағы жылы өнеркәсіптік кәсіпорнында 47 төтенше жағдай мен оқиға болды, (соның ішінде ТЖ алдын алу және жою жөніндегі облыстық қадағалау инспекциясының қадағалауындағы объектілер мен кәсіпорындарда) зардап шегушілердің саны 58 адам, соның ішінде қаза болғандар 24 адам.

Есеп беру кезеңі ішінде болған ең ірі оқиғалар:

13 қаңтарда Жамбыл облысы Тараз қаласында № 24 жаңа салынып жатқан мектепте құрылыс жұмысын жүргізу кезінде 3-ші қабат биіктігінен құлап, «Астана-АРР» ЖШС жұмысшысы сол жерде қаза болды.

17 ақпанда Атырау облысы, Қызылқоға ауданында «ЕмбіМұнайГаз»АҚ, «Уаз» кенорнындағы №71 скважинада, бұрғылау жұмысын жүргізіп жатқан кезде 18 метр биіктіктен құлаған «ЕмбіМұнайГаз-Бұрғылау» ЖШС мердігерлік ұйымының бұрғышысының көмекшісі сол жерде қайтыс болды.

5 сәуірде Ақмола облысы Шортанды ауданында «Қазақалтын» ГМК, «Центральная» шахтасында, горизонты 640, кен тиелген өтіп бара жатқан вагонетка рельстеріне жақын тұрған жұмысшы жарақат алып ауруханаға жатқызылды.



12 мамырда Астана қаласында, «Шойын құю зауыты» ЖШС аумағында, ресиверді толтыру кезінде (ауа жинағыш) қысылған ауадан түбінің тігісі жыртылды. Ауа легінің кенеттен шығуы нәтижесінде жарақат алған

1 адам ауруханаға жатқызылды. Болған оқиға өндіріске әсер еткен жоқ.

21 маусымда Солтүстік Қазақстан облысы Петропавл қаласында «Петропавл балық өсіру»РМҚК аумағында, трансформаторлық подстанцияны қосу кезінде электр тоғынан зақымданған жұмысшы ауруханаға жатқызылды.

21 шілдеде Ақмола облысы Зеренді ауданында «Алтынтау Көкшетау»АҚ аумағында (алтын өндіретін кәсіпорын), тау жынысының бұзылуы нәтижесінде экскаваторды машинисімен басып қалды, оны кабинадан шығарып, Көкшетау қаласына ауруханаға жатқызды.

25 тамызда Ақмола облысы Аршалы ауданында, шпал дайындайтын цехта шпалдар дәнекерлеушіні басып қалып, ол сол жерде қайтыс болды.

7 қыркүйекте Шығыс Қазақстан облысы Бородулиха ауданында, Орлов өндірістік кешенінде, 15 горизонтта жұмыс орнын дайындау кезінде тау жынысы бөлініп, соның нәтижесінде жарақат алған бұрғышы ауруханаға жатқызылды. Технологиялық процесс бұзылған жоқ.

24 қазанда Шығыс Қазақстан облысы Глубоков ауданында тау кен өндіру кәсіпорнында тау жынысы құлап, бекітуші алған жарақаттан сол жерде қаза болды. Мәйіт ҚР ИДМ «КӘАҚҚ»РМК ШҚФ күшімен шығарылды.

2 қарашада Түркістан облысы Кентау қ. аумағында бу құбыры ішінара жарылды. Әр түрлі жарақат алған 2 адам ауруханаға жатқызылды. Жылу беру тоқтатылған жоқ.

## ТЕХНОГЕНДІК СИПАТТАҒЫ ЖАЗАТАЙЫМ ОҚИҒАЛАР, ЖАРЫЛЫСТАР ЖӘНЕ ОҚ-ДӘРІЛЕРДІҢ ТАБЫЛУЫ



Ағымдағы жыл ішінде алдын ала мәліметтер бойынша жарылыстар және оқ-дәрі жарылысы мен табылуы туралы 34 және техногендік сипаттағы жазатайым оқиғалар туралы 254 ха-





Нұсқа
АҚ Жоспарына
№ 1 қосымша

**Табиғи және техногенді сипаттағы төтенше жағдайлар туындауы және туындау қауіпі кезіндегі азаматтық қорғау қоғамдық тәртіпті сақтау қызметі бастығының негізгі шараларға КҮНТІЗБЕЛІК ЖОСПАРЫ**

| № | Орындалатын шаралар | Орындалу мерзімі С+ -дан | Орындауға жауапты | Кім бақылайды |
|---|---|---|---|---|
| Жер сілкінісі | | | | |
| | А) Жер сілкінісі туындауы қауіпі кезінде | | | |
| | Б) Жер сілкінісі туындауы кезінде | | | |
| Селдің заттарды шығаруы және сырғыма | | | | |
| | А) Селдің заттарды шығару қауіпі туындауы кезінде | | | |
| | Б) Селдің заттарды шығару және сырғыма қауіпі туындауы кезінде | | | |
| Табиғи және техногенді сипаттағы өзге ТЖ | | | | |
| | Табиғи және техногенді сипаттағы ТЖ туындауы кезінде | | | |

Азаматтық қорғау қоғамдық тәртіпті сақтау қызметінің штаб бастығы ________
(ТАӘ)

Уақытша коммуналдық қызмет көрсетуді ұйымдастыру мәселесін шешу;

Су-, жылу-, және энергиямен жабдықтау көздерінің үзіліссіз жұмыс істеуін қалпына келтіру;

Төтенше жағдайлар аймағындағы іс-әрекеттің іс жүзіндегі жағдайы туралы және төтенше жағдайлардың салдарларын жоюға арналған жұмысты ұйымдастыру бойынша қолданылатын шаралар туралы халықты ақпараттандыру;

Төтенше жағдайларға ұшыраған аумақтағы тіршілік қарекетін қалыптастыру бойынша жұмыс барысы туралы тұрақты ағымдағы ақпараттар.

*Қосымшалар:*

1. Табиғи және техногенді сипаттағы төтенше жағдайлар туындауы және туындау қауіпі кезіндегі азаматтық қорғау қызметі бастығының негізгі шараларға күнтізбелік жоспары.
2. Азаматтық қорғау қызметі күштері мен құралдарының есептемесі.
3. Қазақстан Республикасындағы жер сілкінісі салдарларын жоюға арналған азаматтық қорғау қызметі күштері мен құралдары.
4. Бейбіт уақытта хабарландыруды және байланысты ұйымдастырудың сызған нұсқасы.
5. Табиғи және техногенді сипаттағы төтенше жағдайларға ұшырауы ықтимал аумақтың картасы (сызба карта).

Бастықтың орынбасары - азаматтық қорғау қызметі
Қоғамдық тәртіпті сақтау қызметі штаб бастығы __________
ТАӘ



ҚР ІІМ Төтенше жағдайлар комитеті

бар тіркелді. Бұл жағдайда 599 адам зардап шегіп, олардың 139-ы қаза болды. Өткен жылы осы мерзімде, жарылыстар мен оқ-дәрі табылғандығы туралы 357 хабар алынған және техногендік сипаттағы 30 қайғылы оқиға анықталған еді, оларда 719 адам зардап шегіп, 150 адам қаза тапқан.

Есеп беру кезеңі ішінде оқ-дәрінің табылуы және жарылуы туралы 33 оқиға анықталды:

3 қаңтарда Алматы облысы Бостандық ауданында Ф-1 оқу гранаты табылды. Гранатты «Арлан» мергендері алып, АІІД қызметкерлеріне берді.

2 мамырда Батыс Қазақстан облысында Зеленов ауданында Орал өзені жағасында жергілікті тұрғын гранатқа ұқсас зат тауып алды. Арнайы шаралар барысында тұтандырғышсыз «Ф-1» гранаты екені анықталды. Гранатты Январцево п. 1 км жерде ІІД оқу-жаттығу взводының мергендері жару жолымен жойды.

4 маусымда Алматы облысы Іле ауданында суаратын каналдан танкіге арналған снаряд (ұзындығы 600 мм, диаметрі 125 мм, тот басқан іздері бар) табылды, ҚР ҚМ мергендері ары қарай жарамсыздыққа шығару үшін алды. Қаза болғандар мен зардап шегушілер жоқ.

13 маусымда Атырау облысы Атырау қаласы, Береке ш/а, 13-к., №13 жеке тұрғын үйдің маңынан, жергілікті тұрғын жермен жұмыс жасап жатқан кезде артиллериялық снаряд (ұзындығы 40 см, диаметрі 38 мм, тот басқан) тауып алды, оны ІІД «Арлан» мергендері жару жолымен жойды.

8 тамызда Шығыс Қазақстан облысы Аягөз ауданында, жергілікті тұрғындар жеке тұрғын үйдің ауласын тазалап жүргенде минаға ұқсас зат тауып алады. Арнайы тексеру жүргізу барысында заттың танкіге қарсы мина екені анықталады, маркасы ТМ-62М. Минаны ҚР ҚМ 02352 ә/б мергендері жарамсыздыққа шығару үшін алды.

3 қазанда Ақмола облысы, Аршалы ауданында Астана қ. ІІД полигоны аумағынан оқу-жаттығуын жүргізіп жатқанда жарықдыбысты қол гранатын тауып алды, маркасы «IsIg-120», жарылыс болды. Нәтижесінде Астана қаласы бойынша мамандандырылған күзет қызметі басқармасының инспекторы – полиция лейтенанты оң жақ жамбасынан гранаттың жарқышағы тиіп ауруханаға жатқызылады.

***Улы газбен уланған ең ауыр жағдайлар:***

6 қаңтарда Астана қ. Есіл ауданында тұрғын үйде, қатты отынмен жанатын пештің ақаулығына байланысты улы газбен уланған 9 адам ауруханаға жатқызылды.



2 ақпанда Жамбыл облысы Қордай ауданында жеке тұрғын үйде, газ колонкасының түтін жүретін жолының ақаулығына байланысты улы газбен уланған 1 адам ауруханаға жатқызылды.

6 наурызда Шығыс Қазақстан облысы Зайсан ауданында жеке тұрғын үйде, қатты отынмен жағатын пештің ақаулығына байланысты улы газбен уланған 2 адам ауруханаға жатқызылды.

3 әуірде Алматы қаласы Алатау ауданында жеке тұрғын үйде, қатты отынмен жағатын пештің ақаулығына байланысты улы газбен уланған 1 бала ауруханаға жатқызылды.

5 мамырда Шығыс Қазақстан облысы Семей қаласында жеке тұрғын үйде, қатты отынмен жағатын пештің ақаулығына байланысты улы газбен уланған 1 адам ауруханаға жатқызылды.

7 маусымда Қостанай облысы Наурызым ауданында жеке тұрғын үйде, қатты отынмен жағатын пештің ақаулығына байланысты улы газбен уланған 4 адам ауруханаға жатқызылды.

27 тамызда Солтүстік Қазақстан облысы М.Жұмабаев ауданында, қатты отынмен жағатын пешті пайдалану ережесі бұзылғандықтан, улы газбен уланған 2 адам ауруханаға жатқызылды.

9 қазанда Шығыс Қазақстан облысы Өскемен қаласында қатты отынмен жағатын пешті пайдалану ережесі бұзылғандықтан, улы газбен уланған 1 адам ауруханаға жатқызылды.

5 карашада Түркістан облысы Төлеби ауданында жеке тұрғын үйдің ауласында, темір сыйымдылыққа от жағу кезінде улы газбен уланған Өзбекстан Республикасының 2 азаматы ауруханаға жатқызылды.





-азаматтық қорғау қызметі күштері мен құралдарын тарту тәртібі;

-азаматтық қорғау әрекет етуші күштерін басқару және үйлестіру тәртібі;

-өзара әрекет етуші ұйымдардан, қоғамдық ұйымдардан және т.б. күштер мен құралдарды тарту туралы шешім қабылдауға арналған критерийлер;

-өзара әрекет етуші ұйымдарды тарту тәртібі.

2.9. Мемлекеттік резервті пайдалану

Төтенше жағдайлар кезінде облыста немесе қалада гуманитарлық жүк ретінде бөлінетін аумаққа мемлекеттік материалдық резервті бөлу тәртібі көрсетіледі.

2.10.Басқару және байланысты ұйымдастыру

Көрсетіледі:

-Тиісті деңгейдегі азаматтық қорғау басқару органдары арасындағы ақпараттарды алмасу тәртібі;

-Басқаруды ұйымдастыру және ақпараттарды алмасу үшін резервтегі желілерді (арналар, жиіліктер) әрекетке келтіру тәртібі;

-Бағынышты, жоғарыда тұрған және өзара әрекет етуші басқару органдарының ақпарат беру сызған нұсқасы.

*Төтенше жағдайлардың салдарларын жою жөнінде өткізілетін шаралар*

Шараларды өткізу тәртібі көрсетіледі: инженерлік инфрақұрылымдарды, тұрғын үйді, қоршаған ортаны сауықтыруды, жергілікті атқару органдары орындайтын, халыққа медициналық реабилитация көрсетуді, ал объективті сипатта төтенше жағдайлар кезінде өз құзіреті мен мүмкіндігі шегінде объектінің өзін.

Төтенше жағдайлардың салдарларын жою жөнінде шаралар өткізу мақсатында, келесі шаралар өткізіледі:

Шығынның көлемі мен сипатын анықтау бойынша комиссия құру;

Төтенше жағдайлардың салдарларын инженерлік тексеруді ұйымдастыру және тексеру материалдарын қорытындылау;

Төтенше жағдайлардан зардап шегушілерге материалдық көмек көрсету;

қираған үйлерден, зақымданған ғимараттар мен құрылыстардан халықты көшіру;

Төтенше жағдайлардың туындау қауіпі кезінде азаматтық қорғау қызметі құрылымдары, басқару органдары өткізетін шараларда баяндалады, оған келесі шаралар кіреді:

-азаматтық қорғау қызметі құрылымдары және басқару органдары, хабарландыру және байланыс жүйелері дайындыққа келтіріледі, кезекші –диспетчерлік қызмет күшейтіледі;

-азаматтық қорғау қызметі басқару органдарының басшы құрамының тәулік бойғы кезекшілігімен кезекші ауысымдардың күшейтілген жұмыс режимі енгізіледі;

-жоғарыда тұрған басқару органдарына баяндамалар ұсынылады;

-орын алуы ықтимал жағдайлар, оның дамуы және әрекет ету тәртібі және т.б. туралы бағынышты басқару органдары, ұйымдар және халық, ақпараттандырылады.

2.5. Төтенше жағдайлар туындауы кезінде өткізілетін шаралар:

-азаматтық қорғау қызметі құрылымдары және басқару органдары, хабарландыру және байланыс жүйелері дайындыққа келтіріледі, кезекші –диспетчерлік қызмет күшейтіледі;

-азаматтық қорғау қызметі басқару органдарының басшы құрамының тәулік бойғы кезекшілігімен кезекші ауысымдардың күшейтілген жұмыс режимі енгізіледі;

-жоғарыда тұрған басқару органдарына баяндамалар ұсынылады;

-орын алуы ықтимал жағдайлар, оның дамуы және әрекет ету тәртібі және т.б. туралы бағынышты басқару органдары, ұйымдар және халық ақпараттандырылады.

Аталған бөлімшеде сондай-ақ келесілер көрсетіледі:

-төтенше жағдайлардың түрлері бойынша бейбіт уақытта азаматтық қорғау күштері мен құралдарын топтастыру (Жоспарға 2-қосымша);

-Қазақстан Республикасы аумағында жер сілкінісі туындауы кезінде бөлінетін топтар (Жоспарға 3-қосымша).

2.6. Авариялық-құтқару және шұғыл жұмыстарды өткізуді ұйымдастыру

Өртті оқшаулау және өшіру, аумақты және халықты өртке қарсы қорғау жөніндегі шараларды ұйымдастыру;

2.7. Эвакуациялық шаралар

2.8. Өзара әрекеттестікті ұйымдастыру

Көрсетіледі:





6 желтоқсанда Шығыс Қазақстан облысы Шемонаиха қаласында жеке тұрғын үйде, қатты отынмен жағатын пештің ақаулығына байланысты улы газбен уланған 2 адам ауруханаға жатқызылды.

## ҚАТТЫ ӘСЕР ЕТЕТІН УЛЫ ЗАТТАРДЫҢ (ҚӘУЗ) ЖӘНЕ РАДИОАКТИВТІ ЗАТТАРДЫҢ ТӨГІЛУІНЕН БОЛҒАН АВАРИЯЛАР

Ағымдағы жылы ҚӘУЗ-дің төгілуі және табылуы туралы 2 хабар келіп түсті, 1 адам қаза болды. Өткен жылдың осы кезеңінде ҚӘУЗ-дің төгілуі және табылуы туралы хабар түскен жоқ.



Есеп беру кезеңі ішіндегі ең ауыр жағдайлар:

8 қаңтарда Атырау облысы Атырау қаласында «Анвар»ЖШС азық-түлік тағамдарын сақтауға арналған қоймасында (жалпы ауданы 1700 $м^2$), тоңазытқыштың түтігінің жарылуына байланысты 150 литр шамасында аммиак төгілді, өртенген жоқ. Оқиға орнында аммиак буынан уланған жұмысшы қайтыс болды, мәйіт ТЖК«БААЖҚО» ММ күшімен шығарылды. Оқиға орнына ДСОГ 10 қызметкері және 3 техника бірлігі тартылды.

27 қыркүйекте Шығыс Қазақстан облысы Курчатов қаласында РГП «Ұлттық ядролық орталық» РМК-нің, №1 ғимаратында ИГР зерттеу реакторының сараптамалық құрылғыдағы экспериментальды құрылғы жарылып, ашылды. Жұмыстың авариялық режимі енгізілді, сараптамада жұмыс істейтін персонал көшірілді, дозиметриялық бақылау посты шығарылды, радиациялық жағдайға мониторинг жүргізілуде. Санитарлық-қорғау аймағының сыртындағы радиациялық фон нормада, реактор штаттық режимде суытылады.

# ТІРШІЛІКТІ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ ЖҮЙЕСІНДЕГІ АВАРИЯЛАР

Есеп беру кезеңінде тіршілікті қамтамасыз ету жүйесінде 24 төтенше жағдай тіркелді. 2 адам қаза болған. Өткен жылдың осы кезеңінде 26 төтенше жағдай болды, одан 16 адам зардап шеккен және 11 адам қаза тапқан.

16 сәуірде Павлодар облысы Павлодар қаласында канализациялық коллекторде ұзындығы 5м топырақ құлады. Ағынды сулардың қаптап кетуін болдырмау мақсатында 6 көпқабатты тұрғын үйдің (170 абонент) және бала-бақшаның суық суы өшірілді. Суды тасымалдау ұйымдастырылды.



2 шілдеде Алматы облысы Еңбекшіқазақ ауданында «Орталық аудандық аурухана» МҚК канализациялық құдықта тазалау жұмысын жүргізу кезінде, диаметрі 200 мм құбыр жарылды. Соның нәтижесінде болжам бойынша метан газынан уланған сантехник – сол орнында қайтыс болды; екінші сантехник пен дәрігер – ауруханада көз жұмды; екінші дәрігер – ауруханаға жатқызылды (дәрігерлер жұмысшыларды құтқару кезінде зардап шекті). Зардап шегушілер құдықтан ТЖД күшімен шығарылды.

15 тамызда Батыс Қазақстан облысы Орал қаласында көшелердің қиылысында, Камаз автомобилі жер үстіндегі төмен қысымды диаметрі 100 мм. газ құбырын зақымдап кетті. Тұрғын-үй секторының 478 абоненті газсыз қалды.

## КӨЛІКТЕГІ АВАРИЯЛАР ЖӘНЕ ОҚИҒАЛАР

Есепті мерзім ішінде жедел мәліметтер бойынша республикада автожолдарда жол-көлік және темір жол оқиғалары мен әуе көліктерінде ірі авариялардың 54 оқиғасы тіркелді, одан 284 адам зардап шекті,





-халық (халықтың басым санаты, саны, тығыздығы және т.б).

1.3. Бағыт жолдары және көлік

Көрсетіледі:

-Темір жол көлігі (соның ішінде оның мүмкіндіктері);

-автомобиль көлігі (соның ішінде оның мүмкіндіктері);

-құбыр көлігі (мұнай-, газ- өнім құбырлары, олардың сипаттамасы, өнімділігі);

-әуе көлігі (ауа өту дәліздері, аэродромдар, қонатын алаң және олардың сипаттамасы, қолда бар тіркелген ұшақтар және тік ұшақтар түрлері бойынша, соның ішінде санитарлық авиация жағдайы), соның ішінде оның мүмкіндіктері;

-Азаматтық қорғаныс жоспарларын және төтенше жағдайларды жою бойынша әрекет ету жоспарларын әзірлеу, ведомствоға жататын звенолардың жоспарларына басшылық жасау;

-авариялық-құтқару және шұғыл жұмыстарды жүргізуге шешім қабылдау үшін Азаматтық қорғаныстың тиісті бастығына ұсыныстар дайындау;

-Азаматтық қорғаныстың тиісті бастығы берген тапсырмаларды орындау кезінде қызметтің бағынышты күштері мен құралдарына басшылық жасау;

-төтенше жағдайлардың туындау қауіпін азайту жөніндегі шараларды жүзеге асыру және әзірлеуге, ұйымдар мен салалардың жұмыс тұрақтылығын арттыруға басшылық жасау;

-қызмет құзіреті шегіндегі Азаматтық қорғаныс шараларының барлық кешеніне тікелей басшылықты жүзеге асыру.





15 ақпанда жер сілкінісі болды, эпицентрі Алматы қаласының солтүстігінде 3 км-де, энергетикалық класы 7,2 магнитудасы MPV 3.8. (MSK-64 шкаласы бойынша): сезілу туралы мәлімет Алматы қаласында 2 балл. Қираған және зардап шеккендер туралы мәлімет түскен жоқ.



8 сәуірде Қазақстан аумағында жер сілкінісі тіркелді, эпицентрі Алматы қаласынан шығысқа қарай 115 км-де энергетикалық класы 10.2. Магнитудасы MPV 4.8. сезілу туралы мәлімет (MSK-64 шкаласы бойынша): Саты п.- 3 балл. Қираған және зардап шеккендер туралы мәлімет түскен жоқ.

13 сәуірде Қазақстан аумағында жер сілкінісі тіркелді, эпицентрі Алматы қаласынан солтүстік-шығыста 183 км жерде, жер сілкінісінің энергетикалық класы 11.7, магнитудасы MPV 5.5. Жер асты дүмпулерінің сезілуі (MSK-64 шкаласы бойынша): Жаңалық ауылында - 3-4 балл, Талдықорған қаласында - 2 балл. Қирау және зардап шегу туралы ешқандай мәлімет түскен жоқ.

9 мамырда жер сілкінісі тіркелді, эпицентрі Алматы қаласынан 764 жерде Ауғанстан мен Тәжікстан шекарасында, жер сілкінісінің энергетикалық класы 14.5, магнитудасы MPV 6.8, координаты 37.43°с.ш. 71.46°в.д., тереңдігі 30 км. Жер асты дүмпулерінің сезілуі: Шымкент қ., Түркістан облысы және Жер асты дүмпулерінің сезілуі Жамбыл облысының Тараз қаласында 2-3 балл. Қирау және зардап шегу туралы ешқандай мәлімет түскен жоқ.

15 қыркүйекте жер сілкінісі тіркелді, эпицентрі Алматы қаласынан солтүстік-шығыста 146 км жерде, жер сілкінісінің энергетикалық класы 12.6, магнитудасы MPV 5.5. Жер асты дүмпулерінің сезілуі (MSK-64 шкаласы бойынша): Жаңалық ауылында - 2-3 балл. Қирау және зардап шегу туралы ешқандай мәлімет түскен жоқ.

16 қазанда жер сілкінісі тіркелді, эпицентрі Алматы қаласынан солтүстік-шығыста 452 км жерде, жер сілкінісінің энергетикалық класы 12.9, магнитудасы MPV 5.6. Жер асты дүмпулерінің сезілуі (MSK-64

шкаласы бойынша): Шалкөде, Нарынқол Раймбек елді мекендерінде, Кетмень ұйғыр ауданында- 2 балл. Қирау және зардап шегу туралы ешқандай мәлімет түскен жоқ.

## ҚҰТҚАРУ ОПЕРАЦИЯЛАРЫН ЖҮРГІЗУ

Есепті кезең ішінде ТЖК-нің күштері **70 711** шықты, олардың ішінде авариялық-құтқару жұмыстарына **8 704** рет шығып, **8 704** адам құтқарылды, **25 926** адам ТЖ аймағынан көшірілді, зардап шеккен **5 053** адамға алғашқы дәрігерлік көмек көрсетілді. **725** адамның мәйіті табылды.

**Өрт сөндіру қызметі мен авариялық-құтқару** жұмысы 4 381 адамды құтқарды, 22 567 адам ТЖ аймағынан көшірілді, дабыл бойынша 55 102 рет шығып, соның ішінде: өртке – 13 571 рет, авариялық-құтқару жұмысына – 4 926 рет, өрт ретінде саналмайтын жануларға – 33 695, рет, жалған дабылдарға – 112 рет, жану деректерін растамайтын шақыруларға – 1 561 рет шықты.

**Республикалық жедел-құтқару отряды** есепті кезең ішінде құтқару жұмыстарын жүргізу үшін 453 рет шұғыл шығып, 312 адам құтқарылды (оның 48-і бала), 297 адам көшірілді (оның 48-і бала), зардап шеккен 61 адамға алғашқы дәрігерлік көмек көрсетілді (оның 5-і бала), 27 адамның мәйіті табылды.

**Орталық аймақтық аэромобилді жедел-құтқару отряды** 1417 рет шұғыл шықты, соның ішінде авариялық-құтқару жұмысына – 306 рет шықты, 157 адам құтқарылды (оның ішінде 148-і бала), 84 адам көшірілді (оның 11-і бала), 5 адамға алғашқы дәрігерлік көмек көрсетілді 68 адамның денесі табылды (оның 9-ы бала).

**Шығыс аймақтық аэромобилді жедел-құтқару отряды** есеп беру кезеңі ішінде 490 рет шұғыл шықты, соның ішінде авариялық-құтқару жұмысына – 340 рет шықты, 445 адам құтқарылды (оның 79-ы бала), 334 адам көшірілді (оның 64-і бала), зардап шеккен 45 адамға алғашқы дәрігерлік көмек көрсетілді. 72 адамның мәйіті табылды.

**Батыс аймақтық аэромобилді жедел-құтқару отряды** есеп беру кезеңі ішінде 321 рет шұғыл шығып, соның ішінде авариялық-құтқару жұмысына – 47 рет шықты, 83 адам құтқарылды (оның 44-і бала), ТЖ аймағынан 6 адам көшірілді, (оның 2-і бала), зардап шеккен 10 адамға



ҚР ІІМ Төтенше жағдайлар комитеті

| | | |
|---|---|---|
| 11 | Энергетика қызметі | Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігі |
| 12 | Радиациялық қорғау қызметі | |
| 13 | Жанар-жағар материалдар қызметі | |
| 14 | Ұлттық гидрометеорологиялық қызмет | |
| 15 | Жануарлар мен өсімдіктерді қорғау қызметі | Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі |

Азаматтық қорғаудың осыған ұқсас қызметтері азаматтық қорғау аумақтық кіші жүйелерінде тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктің әкімдерінің шешімдерімен құрылады.

**Азаматтық қорғау қызметінің жалпы ережесі**

Азаматтық қорғау қызметі туралы ереже Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 11 сәуірдегі «Азаматтық қорғау туралы» Заңы № 188-V ҚРЗ 8-бабынының 1,3 тармақтарына сәйкес әзірленген және ҚР ТЖМ 2014 жылғы 18 маусымдағы № 303 бұйрығымен бекітілген, аталған ереже азаматтық қорғау қызметінің (бұдан әрі – Қызмет) негізгі өкілеттігі мен міндеттерін анықтайды.

Азаматтық қорғау қызметі бейбіт және соғыс уақытында азаматтық қорғаудың арнайы шараларын орындау, қазіргі заманғы соққы беру каруларының зақымдаушы факторларынан халықты қорғауды қамтамасыз ету үшін тағайындалған.

Қызмет өздеріне жүктелген міндеттерді азаматтық қорғаудың басқа да күштерімен және осыған тартылатын Қарулы Күштердің және басқа ҚР әскери құрылымдарының бөлімдерімен және бөлімшелерімен тығыз байланыста әрекет ете отырып шешеді.

Қызметтің күштері мен құралдарын дайындау күнделікті қызметте, табиғи және техногенді сипаттағы төтенше жағдайларды, сондай-ақ қазіргі заманғы соққы беру құралдарының зақымдаушы факторларын ескере отырып болжалған жағдайды ескере отырып жүргізіледі.

*Қызметтің негізгі міндеттері болып табылатындар:*

-төтенше жағдайлардың салдарларынан, қазіргі заманғы соққы беру құралдарының зақымдаушы факторларынан халықты қорғау жөнінде азаматтық қорғау шараларын қамтамасыз ету және жоспарлау;

**АҚ қоғамдық тәртіпті сақтау қызметінің лауазымды тұлғаларына арналған оқу құралы**

**Азаматтық қорғау қызметінің тізімі**

Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 11 сәуірдегі «Азаматтық қорғау туралы» Заңы № 188-V ҚРЗ 8-бабына сәйкес, азаматтық қорғаудың арнайы шараларын орындауды қамтамасыз ету және осы мақсаттарда күштер мен құралдарды дайындау үшін, азаматтық қорғаудың республикалық, облыстық, қалалық, аудандық қызметтері құрылады.

Азаматтық қорғау республикалық қызметінің тізімі Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 19 қарашадағы № 1210 Қаулысымен бекітілген «Азаматтық қорғау республикалық қызметінің тізімін бекіту туралы» (ҚР Үкіметінің 2017 жылғы 20 шілдедегі № 441 және 2018 жылғы 21 шілдедегі № 442 Қаулысымен тізімге өзгертулер мен толықтырулар енгізілді), келесі құрамда:

| № р/с | Азаматтық қорғау қызметінің атауы | Азаматтық қорғау қызметін құру базасы |
|---|---|---|
| 1 | Мемлекеттік өртке қарсы қызмет | Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі |
| 2 | Қоғамдық тәртіпті сақтау қызметі | |
| 3 | Медициналық қызмет | Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі |
| 4 | Сауда қызметі | Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі |
| 5 | Химиялық қорғау қызметі | Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігі |
| 6 | Инженерлік қызмет | |
| 7 | Көлік қызметі | |
| 8 | Жол және көпір қызметі | |
| 9 | Ақпарат қызметі | Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникация министрлігі |
| 10 | Байланыс қызметі | |





алғашқы дәрігерлік көмек көрсетілді, қаза болған 23 адамның мәйіті табылды (оның 10-ы бала).

**Солтүстік аймақтық аэромобилді жедел-құтқару отряды** 1187 рет шұғыл шықты, соның ішінде авариялық-құтқару жұмысына – 66 рет шығып, 417 адам құтқарылды (117-і бала), ТЖ аймағынан 59 адам көшірілді, (оның 13-і бала), зардап шеккен 42 адамға алғашқы дәрігерлік көмек көрсетілді, оның (4-і бала), 84 адамның мәйіті табылды, (оның 4-і бала).

**Оңтүстік аймақтық аэромобилді жедел-құтқару отряды** есеп беру кезеңінде 630 рет шұғыл шықты, соның ішінде авариялық-құтқару жұмысына – 39 рет шұғыл шығып, 270 адам құтқарылды (оның 152-і бала), зардап шеккен 4 адамға медициналық көмек көрсетілді, 41 адамның мәйіті табылды (оның 8-і бала).

**«Апаттық медицина орталығы»** ММ (АМО) жедел әрекет ету бригадасы 5 360 рет шұғыл шығып, 2 940 адам құтқарылды (оның 288-і бала), зардап шеккен 4640 адамға дәрігерлік көмек көрсетілді, (оның 374-і бала), ТЖ аймағынан 2 083 адам көшірілді (оның 227-і бала).

**Ақмола облысының жедел құтқару отряды** (ЖҚО) 454 рет шықты, соның ішінде авариялық-құтқару жұмысына – 205 рет шұғыл шығып, 203 адамды құтқарды (оның 46-ы бала), ТЖ аймағынан 31 адам көшірілді, зардап шеккен 90 адамға дәрігерлік көмек көрсетілді (оның 20-ы бала), 15 адамның мәйіті табылды (оның 2-і бала).

**Ақтөбе облысының жедел құтқару отряды** (ЖҚО) 398 рет шығып, соның ішінде авариялық-құтқару жұмысына 194 рет шықты, 206 адамды құтқарды (оның 76-ы бала), ТЖ аймағынан 31 адам көшірілді, 38 адамның мәйіті табылды (оның 1-і бала), зардап шеккен 38 адамға дәрігерлік көмек көрсетілді (оның 16-ы бала).

Алматы облысының ЖҚО-ы есеп беру кезеңінде 419 рет шықты, соның ішінде авариялық-құтқару жұмысына – 95 рет шұғыл шығып, 133 адам құтқарылды (оның 33-і бала), 57 адамның мәйіті табылды (оның 6-ы бала), ТЖ аймағынан 40 адам көшірілді (оның 15-і бала), зардап шеккен 15 адамға дәрігерлік көмек көрсетілді.

Жамбыл облысының ЖҚО-ы 907 рет шықты, соның ішінде авариялық-құтқару жұмысына – 222 рет шұғыл шығып, 319 адам құтқарылды (оның 194-і бала), ТЖ аймағынан 183 адам көшірілді

(оның 53-і бала), 68 адамның мәйіті табылды (оның 6-ы бала), зардап шеккен 16 адамға дәрігерлік көмек көрсетілді (оның 4-і бала).

Батыс Қазақстан облысының ЖҚО-ы есеп беру кезеңінде 823 рет шықты, соның ішінде авариялық-құтқару жұмысына – 492 рет шұғыл шығып, 593 адам құтқарылды (оның 187-і бала), ТЖ аймағынан 168 адам көшірілді (оның 37-і бала), 70 адамның мәйіті табылды, зардап шеккен 35 адамға дәрігерлік көмек көрсетілді (оның 5-і бала).

Қарағанды облысының ЖҚО-ы есеп беру кезеңінде 670 рет шықты, соның ішінде авариялық-құтқару жұмысына – 452 рет шұғыл шығып, 271 адамды құтқарды (оның 78-і бала), ТЖ аймағынан 11 адам көшірілді, 73 адамның мәйіті табылды (оның 3-і бала), зардап шеккен 2 адамға дәрігерлік көмек көрсетілді (оның 1-і бала).

Маңғыстау облысының ЖҚО-ы 193 рет жедел шықты, соның ішінде авариялық-құтқару жұмысына – 180 рет шұғыл шығып, 145 адамды құтқарды (оның 113-і бала), қаза болған 7 адамның мәйіті табылды.

Павлодар облысы ЖҚО-ы 993 рет жедел шықты, соның ішінде авариялық-құтқару жұмысына – 55 рет шұғыл шығып, 35 адамды құтқарды (оның 12-і бала), ТЖ аймағынан 47 адам көшірілді (оның 6-ы бала), қаза болған 5 адамның мәйіті табылды, зардап шеккен 3 адамға дәрігерлік көмек көрсетілді.

Түркістан облысының ЖҚО-ы 570 рет жедел шықты, соның ішінде авариялық-құтқару жұмысына – 147 рет шұғыл шығып, 226 адамды құтқарды (оның 146-ы бала), қаза болған 87 адамның мәйіті табылды (оның 13-і бала), зардап шеккен 8 адамға дәрігерлік көмек көрсетілді (оның 2-і бала).

Солтүстік Қазақстан облысының ЖҚО-ы 324 рет жедел шықты, соның ішінде авариялық-құтқару жұмысына – 301 рет шұғыл шығып, 179 адамды құтқарды (оның 55-і бала). Қаза болған 10 адамның мәйіті табылды (оның 4-і бала), зардап шеккен 39 адамға дәрігерлік көмек көрсетілді (оның 9-ы бала).





сында ПИК қызметін реттейтін, тікелей әрекет ететін заң аясындағы нормативтік-құқықтық актілер жоқ.

3. ҚР азаматтық қорғау мемлекеттік жүйесінің зілзалаларға, соның ішінде жер сілкінісіне қарсы әрекет ету жөніндегі дербес алғашқы құрылымдық бірліктер ретінде ПИК мақсатқа сай қарастырылуы тиіс.

4. Қазақстанда, тұрғын үй қатынастары саласындағы қолданыстағы заңнамалар аясында ПИК әрекеттерін жақсарту және жер сілкінісі тәуекелдерін басқару саласында заңнамаларды жетілдіру есебінен қол жеткізілуі мүмкін жер сілкінісінде әрекет етуге олардың дайындығын арттыру мәселелерін шешуде ПИК потенциалын арттырудың шұғыл қажеттілігі туындап отыр.

5. Сейсмикалық қауіпсіздікті шешу мақсатын қамтамасыз ету саласында ғимараттардың сейсмикалық әлсіздігін және оларды антисейсмикалық күшейтуді бағалау мәселелерін шешуде ПИК мемлекеттік материалдық қолдауды қажет етеді.

## Әдебиеттер

1. ҚР ҚНжЕ 2.03-30-2006. Сейсмикалық аудандардағы құрылыс. ТҰКШ құрылыс ісі Комитеті. ҚР Индустрия және сауда министрлігі. Алматы, 2006. 80б.

2. Қазақстан Республикасының 1997ж. 16 сәуірдегі №94-І «Тұрғын үй қатынастары туралы» Заңы.

3. Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексі

4. Қазақстан Республикасының 16.01.01ж. №142-ІІ «Коммерциялық емес ұйымдар туралы» Заңы.

5. Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 11 сәуірдегі № 188-Ү «Азаматтық қорғау туралы» Заңы.

6. http://kazakhstan.news-city.info/docs/sistemsy/dok_oeyomi.htm

4. Кондоминиумның сейсмикалық қауіпсіздігін арттыру жоспарын талқылау және бекіту оның мүшелерінің жиналысында, ал оның негізгі ережелері жалпы жиналыста бекітілуі қажет.

5. Сейсмикалық қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі жадналар ПИК-тің әрбір мүшелері тұрғындар тұратын пәтерлерге және кондоминиумның жалпы аудандарына таратуы тиіс.

6. ПИК басқармасы жергілікті атқару органдарына қолдау көрсету кезінде тұрғын үйлердің сейсмотұрақтылығына тексеру жүргізуі тиіс және бұл тексерудің нәтижелерін ПИК-тің әрбір мүшесіне жеткізу қажет.

7. Әрбір кіреберіске өрт қауіпсіздігі қалқанын қою, тұрғындарға өртсөндіргіштерді және басқа құтқару құралдарын, жер сілкінісі кезінде қолданатын жабдықтарды қалай пайдалану керектігі туралы нұсқама жүргізуі тиіс.

8. Құтқару техникалары тұрғын үйге кедергісіз кіруін ескере отырып, ауладағы автомашиналар тұрағы қайта жоспарлау.

9. Жер сілкінісі кезінде содан кейін әрекет ету ережесі бойынша қажетті ақпараттарды іле отырып, адамдардың жиналу орнын жабдықтау.

10. Зардап шеккен тұрғындарды эвакуациялау жолдарын және бағыттарын белгілеу.

11. ПИК-те жер сілкінісі болған жағдайға арналған құтқару құрал-жабдықтарының, дәрі-дәрмектердің және таңатын материалдардың мүмкіндігінше резервтерін құру.

12. Жергілікті атқарушы органдармен бірге АҚ аумақтық органдары өткізетін сейсможаттығуларға және оқу-үйренулерге мүмкіндігінше қатысу.

## Қорытынды

1. Бүгінгі кезде Қазақстан Республикасында ПИК сейсмикалық қауіпсіздікті шешу мақсатын қамтамасыз ету мәселесін жүзеге асыруға іс жүзінде әрекет етпейді.

2. Қазақстанда жер сілкінісі зілзалалары тәуекелдерін азайту сала-



ҚР ІІМ Төтенше жағдайлар комитеті

**Азаматтық қорғаныс мүлкін сақтау, есепке алу, есептен шығару және кәдеге жарату қағидаларын бекіту туралы**

**Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2016 жылғы 10 маусымдағы № 611 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2016 жылы 11 маусымда № 13905 болып тіркелді. Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2016 жылғы 10 маусымдағы № 674 бұйрығымен өзгерістер және толықтырулар енгізілді.**

Мәтін Ресми жарияланым Ақпарат Өзгерістер тарихы Сілтемелер Көшіру Басқа

«Азаматтық қорғау туралы» 2014 жылғы 11 сәуірдегі Қазақстан Республикасы Заңының 12-бабы 1-тармағының 31) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қоса беріліп отырған Азаматтық қорғаныс мүлкін сақтау, есепке алу, есептен шығару және кәдеге жарату қағидалары бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Төтенше жағдайлар комитеті (В.Р.Беккер) заңда белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркегеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде мерзімді баспа басылымдарында және «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесінде ресми жариялауға жолдауды;

3) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы нормативтік-құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне орналастыру үшін «Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Республикалық құқықтық ақпарат орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жолдауды;

4) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің интернет-ресурсына орналастыруды қамтамасыз етсін;

5) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркегеннен кейін он жұмыс күні ішінде осы тармақтың 1), 2), 3) және 4) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орын-

далуы туралы мәліметтерді Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Заң департаментіне ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің орынбасары Ю.В. Ильинге жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Министр
полиция генерал-полковнигі Қ. Қасымов

**Қазақстан Республикасы**
**Ішкі істер министрінің**
**2016 жылғы 10 маусымдағы**
**№ 611 бұйрығымен бекітілген**

## Азаматтық қорғаныс мүлкін сақтау, есепке алу, есептен шығару және кәдеге жарату қағидалары

### 1-ТАРАУ. Жалпы ережелер

1. Осы Азаматтық қорғаныс мүлкін сақтау, есепке алу, есептен шығару және кәдеге жарату қағидалары (бұдан әрі - Қағидалар) «Азаматтық қорғау туралы» 2014 жылғы 11 сәуірдегі Қазақстан Республикасы Заңының 12-бабы 1-тармағының 31) тармақшасына сәйкес әзірленген.

2. Қағидалар азаматтық қорғаныс мүлкін сақтау, есепке алу, есептен шығару және кәдеге жарату тәртібін айқындайды.

3. Азаматтық қорғаныс мүлкіне: азаматтық қорғаныс мүдделерінде пайдалану үшін тиісті мемлекеттік органдар мен ұйымдардың бюджет қаражаты есебінен құрылған немесе сатып алынған жеке қорғану құралдары, радиациялық, химиялық барлау



ҚР ІІМ Төтенше жағдайлар комитеті

сілкінісі тәуекелдерін төмендету саласында не істеліп жатыр, ең бастысы ПИК басқару органдарының бастама әрекеттерінің нәтижесі болып табылады, ҚР заңнамасындағы жауапкершілік шараларының сезілетін дәрежеде орындалмауы.

Сонымен, егер ПИК қазір сейсмикалық қауіпсіздік саласында шаралар орындауды талқылаудың өзінде де қиындықтар бар, ПИК мүшелері арасынан ерікті алғашқы азаматтық қорғау авариялық-құтқару құрылымдарын құру бір жағынан барынша проблемалық әрекет болып отыр.

### 5. Жер сілкінісінде әрекет етуге ПИК дайындығы потенциалын арттыру жөніндегі ұсыныстар

Жер сілкінісінде әрекет етуге ПИК дайындығын арттыруға қосымша сыртқы шараларды да, ішкі шараларды да жүзеге асыру есебінен қол жеткізуге болады.

*Сыртқы шаралар*

1. Қазақстан Республикасының «Азаматтық қорғау туралы» Заңына өзгертулер (толықтырулар) енгізу немесе ҚР Ішкі істер министрлігі (ҚР Әділет министрлігінде тіркелген): «Жер сілкінісі тәуекелдерін азайту бойынша ПИК қызметі туралы» бұйрық беруі тиіс.

2. Сейсмикалық қауіпсіздікті қамтамасыз ету саласындағы ПИК қызметін қолдау үшін жергілікті бюджеттен сейсмоқауіпті өңірлерге қаражат қарастыру керек.

*Ішкі шаралар*

1. ПИК басшыларына ПИК басқармасы құрамына, соның ішінде кондоминиумда сейсмикалық қауіпсіздікті қамтамасыз ететін, ПИК ҚР ІІМ ТЖК аумақтық органдарымен және жергілікті атқару органдарымен олардың сейсмикалық қауіпсіздігін қамтамасыз ету және т.б. мәселелер бойынша өзара әрекет ететін АҚ мәселесіне жауапты тұлғаны тағайындау керек.

3. Кондоминиумның сейсмикалық қауіпсіз жағдайын үйрену және оны жақсарту бойынша ұзақ мерзімді жоспар әзірлеу тиіс.

деңгейін қамтамасыз етуге арналған қоғамдық және мемлекеттік ұйымдармен қызметтестік» және міндеттер 2.а) «... тұрғын үйді тиісті техникалық және санитарлық жағдайда ұстап тұру үшін бақылауды қамтамасыз етеді» және 2.л) «... ПИК мүшелерінің құқығын қорғау және тұтынушылардың құқығын қорғауды қамтамасыз етуге бағытталған басқа да қызметтермен айналысады» сейсмикалық қауіпсіздікті қамтамасыз ету саласына жанама түрде жатқызылуы мүмкін.

**4. ПИК-тің жалпы сипаттамасы және олардың мүмкіндіктері**

Қазақстанда ПИК мүшелерінің саны бойынша айрықшаланады (екі мүшеден бастап одан көп, шектеусіз); ПИК иелігінде тұрған, тұрғын үй объектілерін саны және сапасы бойынша (ескісінен жоғары сейсмикалық тұрақтылығына дейін); жылы және кәсіби сипаттамасы бойынша, олардың ПИК мүшесі ретінде жұмыспен айналысу және әлсіздік көрсеткіштері, олармен бірге тұратын отбасы мүшелерімен және тіркелген азаматтар және т.б.

Арасындағы айырмашылықтар ПИК сипаттайтын параметрлер бойынша олардың мүшелерінің дауыс беруі негізінде ПИК Жарғысында бекітуге болатын сейсмикалық қауіпсіздікті қамтамасыз ету жөнінде нақты ПИК үшін қосымша келелі жәнне мақсатты міндеттердің ықтимал тізімдерінің айырмашылығын анықтайды.

Алайда мұндай процедура үшін объективті кедергі болып табылатындар: тұратын үйлер мен орындардағы сейсмикалық қауіптің шынайылығы туралы ПИК мүшелеріне хабарлаудың жеткіліксіздігі; кондоминиум тұрғындарында жер сілкінісіне дейін, жер сілкінісі кезінде және одан кейінгі білімнің нашарлығы немесе мінез-құлық ережесінің болмауы; азаматтардың табиғи енжарлығы, объективті себептер ретінде де (негізгі айналысатын ісі), субъективті себептер ретінде де (менталитет, білім) қарастырылады; ПИК мүшелерінің материалдық қамтамасыз етілуіндегі мәнді айырмашылықтар; сейсмикалық қауіпсіздікті және басқа зілзалалардан қауіпсіздікті қамтамасыз ету саласында тікелей әрекет ететін нормативтік-құқықтық актілердің жоқтығы; АҚ саласындағы аумақтық органдардың, жергілікті атқару органдарының және аудандар деңгейіндегі өзін-өзі басқару органдарының методологиялық және материалдық-техникалық әлсіздігі. Сондықтан қазіргі кезде жер





және дозиметрлік бақылау аспаптары, жеке медициналық қорғану құралдары, байланыс және құлақтандыру құралдары және басқа материалдық-техникалық құралдар жатады.

## 2-ТАРАУ. САҚТАУ

*1-параграф.* Қойманың орналасуы, аумақты жабдықтау

4. Қойманың орналасқан орны қазіргі заманғы зақымдау құралдарынан қорғау, өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету талаптарын есепке ала отырып, қызметі азаматтық қорғаныс мүлкінің сапалық жай-күйіне теріс ықпал ететін кәсіпорындардан қауіпсіз алшақтықта таңдалады. Жергілікті жердің учаскелерін тасқын су мен басқа да су баспауы тиіс.

5. Қоймалар кірме жолдарға, электрмен және сумен жабдықтау көздеріне тікелей жақын жерде орналасады.

5-1. Жеке қорғану құралдарын (сүзгіш газқағарлар, респираторлар, өзін - өзі құтқарғыштар, балаларға арналған қорғаныш камералары) сақтау және беру қоймаларының орны кепілдендірілген қорғауды қамтамасыз ету мақсатында халықтың жұмыс жасайтын және тұратын жерлеріне барынша жақын жерлерде орналасады.

5-2. Жеке қорғану құралдарын (сүзгіш газқағарлар, балаларға арналған қорғаныш камералары, респираторлар) әкімшілік ғимараттарда және оқу мекемелерінде ғимарат иесімен келісу бойынша сақтауға рұқсат етіледі.

6. Қойма аумағы қоршалады және түнгі уақытта жарықтандырылады. Қойма тәулік бойы күзетіледі және күзет сигнализациясымен жабдықталады.

7. Қоймаға кірме жолдар жарамды жай-күйде ұсталады және жылдың кез-келген уақытында көліктің өтуін қамтамасыз етеді.

8. Қойманың телефондандыру жүйесі сыртқы және ішкі байланысты, бекет және өрт сөндіру сигнализациясын қамтамасыз етуді есепке ала отырып, ұйымдастырылады.

9. Қойма аумағында азаматтық қорғаныс мүлкінің қорларын сақтауға арналған сақтау орны орналасады, олар өз құрылысы, жоспарлау, техникалық жай-күйі және жарақталуы бойынша олардағы

бұйымдардың толық сақталуын, кез-келген уақытта және белгіленген мерзімдерде беруді қамтамасыз етеді.

10. Сақтау орны азаматтық қорғаныс мүлкінің қорларын жедел тиеу үшін тиеу-түсіру жұмыстарын механикаландыру құралдарымен жарақталады.

11. Қойма үй-жайлары кірпіштен қаланған темірбетоннан немесе жиналмалы темір конструкциялардан, сондай-ақ ағаштан жасалуы мүмкін.

12. Барлық сақтау орындары нөмірленеді. Әрқайсысына реттік нөмір беріледі.

13. Қойманың жылытылатын, жылытылмайтын сақтау орындары болады және азаматтық қорғаныс мүлкін сақтау, орналастыру, бақылау, жарамды жай-күйде ұстау, қорларды қабылдау және беру бойынша жұмыстарды жүргізуді қамтамасыз етеді.

14. Әрбір сақтау орнында температура мен ауаның салыстырмалы ылғалдығын өлшеуге арналған аспаптар (термометрлер, гигрометрлер немесе психрометрлер) орнатылады.

15. Сақтау орындарының едендері үгінділердің, құмның, шаңның пайда болуына үстінгі беттің төзімділігін қамтамасыз етеді, сақтаудағы бұйымдардың және механикаландыру құралдарының жүгімен орнатылатын немесе қозғалатын жүктемені көтереді.

16. Азаматтық қорғаныс мүлкі қорларын орналастыру үшін сақтау орындары стеллаждармен, шкафтармен, тегендермен, орамда және орамы жоқ бұйымдардың қалыпты сақталуын конструктивті қамтамасыз ететін тіреуіштерімен жабдықталады.

17. Стеллаж жабдықтары сақтау орындарының ішкі көлемін анағұрлым тиімді пайдалану, табиғи жарықтандыруды қамтамасыз ету, сақталатын бұйымдарды бақылау үшін ыңғайлылық және қажетті операцияларды орындау есебімен орналастырылады.

18. Жылытылатын сақтау орындарында ауа температурасын +15-тен +20 С дейінгі шекте, ауа ылғалдығы 70%-дан аспайтындай етіп ұстау керек. Салыстырмалы ауа ылғалдығын 90%-ға дейін қысқа мерзімде жоғарылатуға жол беріледі. Азаматтық қорғаныс мүлкі қорларын сақтаудың оңтайлы жағдайлары 40-55% шегіндегі салыстырмалы ауа ылғалдығы болып табылады.



ҚР ІІМ Төтенше жағдайлар комитеті

б) үйге қызмет көрсету үшін, жеке мердігерлермен немесе ұйымдармен, мемлекеттік тұрғын үй- эксплуатациялық және жөндеу-ремонттық ұйымдарды, кооперативтерді, жеке фирмаларды және басқа шаруашылық субъектілерін қоса, өз бетімен қызмет көрсету және жөндеуге шарт жасай алады;

в) әрбір тұратын адамның пайдаланатын ауданына сәйкес, тұрғын үйді ұстап тұру және эксплуатациялаумен байланысты барлық шығындарға ПИК мүшелерінің - пәтер иелерінің қатысуын қамтамасыз етеді;

г) ПИК-тің есеп шотына тұрғын үйді ұстап тұру және эксплуатациялауға ұйғарылған жарналардың дер кезінде түсуін қамтамасыз етеді;

д) ғимаратты жөндеу және қызмет көрсету жөніндегі жұмыстарды дер кезінде қабылдайды және жөндейді;

е) тұрғын үй ғимараттарымен есік алдындағы аумақты пайдаланудың белгіленген ережелерін, ПИК-тің барлық мүшелерінің орындауын қамтамасыз етеді;

ж) коммунальдық қызметтер үшін тапсырыс беруші ретінде әрекет етеді (су-, газ-, жылу- және электрмен жабдықтау және т.б.), осы қызметтерді орындау үшін тиісті кәсіпорындармен шарт жасасады;

з) шарттағы міндеттерін қанағаттандырарлықсыз орындаған кезде, үйге қызмет көрсететін ұйымдарға белгіленген тәртіпте санкция салу үшін органдарға, басқа кәсіпорындарға, сондай-ақ ПИК қызметін ұсынатын тұлғаларға шағым жасайды;

и) тұрғын үйді және оның айналасындағы аумақтарды ұстап тұру жөніндегі шараларды орындау үшін қажетті құрал-жабдықтарды, саймандарды, техникаларды және басқа меншіктерді сатып алады;

к) ПИК қызметін қамтамасыз ету үшін қосымша қаражат немесе материалдық құндылықтарды алу мақсатында үлес шарттары бойынша немесе шаруашылық қызметпен дербес айналысады;

л) ПИК мүшелерінің құқығын және тұтынушылардың құқығын қорғауды қамтамасыз етуге бағытталған басқа да қызметтермен айналысады.

Көрініп отырғанындай, қазіргі кездегі ПИК-тің дәстүрлі танымал мақсаттары мен міндеттерінен, тек қана мақсат 1.4 «... тіршілік

жағдайлардың салдарларынан келтірілген зиянды (нұқсанды) өтеуді қамтамасыз етуге, төтенше жағдайларды жойғаннан кейін қоршаған ортаны сауықтыру, жеке және заңды тұлғалардың шаруашылық қызметін қалпына келтіру жөнінде іс-шаралар жүргізуге;

11) жұмыскерлерді және өндірістік әрі әлеуметтік мақсаттағы объектілерді төтенше жағдайлардан қорғау жөніндегі іс-шараларды жоспарлауға және жүзеге асыруға міндетті.

ҚР «Азаматтық қорғау туралы» Заңында қарастырылған, ұйымдардың құқықтары мен міндеттерін талдау, олардың өндірістік коммерциялық ұйымға көбірек сәйкес келетінін көрсетеді, 1.1, 1.4, 2.1, 2.8, 2.11 тармақтарында және т. б. сондай-ақ ПИК-ке арналған құқықтар мен міндеттерді мүмкін болса да, алайда, нақты түсіндіру қиын, кондоминиумдардағы сейсмикалық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге қатысты тіпті де түсіндіру күрделіленеді. Осыған байланысты мынадай қорытынды жасауға болады, АҚ саласындағы ҚР заңнамасында жер сілкінісі зілзаласының тәуекелдерін азайтуға бағытталған шаралар өткізуге ПИК-ті міндеттейтін, құқықтың нақты нормасы жоқ.

3. Құқықтық қатынастар туралы ҚР заңнамалары шегіндгі

ПИК-тің мақсаттары мен міндеттері

ПИК-тің жалпы мақсаттары мен міндеттері, ҚР-дің «news-city.info» [6] порталында қалыптастырылған тұрғын үй қатынастары туралы ҚР заңнамасы аясындағы ПИК мүшелері мен басқару органдарының құқықтары мен міндеттері ресми емес модельді «Пәтер иелері кооперативтерінің тұтынушылар Жарғысына» сәйкес:

1. ПИК мақсаттары болып табылатындар: 1) тұрғын үйлерді, үйді (үйлерді) және үй айналасындағы аумақты тиісінше ұстап тұруды ұйымдастыру; 2) ПИК мүшелерін коммунальдық және басқа қызметтермен қамтамасыз етуді ұйымдастыру; 3) коммунальдық қызмет және басқа қызметтер мен ұйымдардың қызметтерін тұтынушылар ретінде ПИК мүшелерінің міндеттерін қорғау және ұсыну; 4) тіршілік деңгейін қамтамасыз ету үшін мемлекеттік және қоғамдық ұйымдармен қызметтес болу.

2. ПИК көздеген мақсатына келесі шешімдер арқылы қол жеткізе алады: а) тұрғын үйдің тиісті техникалық және санитарлық жағдайда ұстап тұруды қамтамасыз ету;





19. Қойма аумағына кіруді, сондай-ақ аумақтан шығуды бақылау үшін қойманың бақылау-өткізу пункті ұйымдастырылады.

20. Қойма және сақтау орындарының аумағына бөгде адамдарды жіберу (оның ішінде қойма жұмысын тексеру үшін келген адамдар) қойма оған бағынысты орган (ұйым) басшысының тек жазбаша рұқсаты бойынша жүргізіледі. Кейінге қалдырылмайтын жағдайларда (авариялар, жедел жөндеу және т.б.) келген адамдарды аумаққа жіберуге тіркеу журналында белгілей отырып, қойма оған бағынысты ұйым басшысының ауызша рұқсаты бойынша қойма меңгерушісі рұқсат береді.

*2-параграф.* Азаматтық қорғаныс мүлкі қорларын сақтаудың жалпы қағидалары

21. Азаматтық қорғаныс мүлкі қорлары жабдықталған сақтау орындарында, қақпағы жоғары, өтетін жерлерге құлыптарымен, таңбалауымен қойылған қатарлап салынатын зауыттық орамада, жәшіктерде орналастырылады.

22. Қатарлар төсемде орналастырылады, олардың биіктігі еден үстінен кемінде 0,25 м. Төменгі қатарларын жақсы желдету мақсатында төсемдер бағандарға орнатылады.

23. Әрбір сақтау орнында қатарлар ретімен нөмірленеді. Әрбір қатарда (стеллажда) көрінетін жерде, ортасында, еденнен 1,5 м. биіктікте толтырылған стеллажды затбелгі бекітіледі.

Қатарлардың биіктігі:

-сүзгіш, оқшаулаушы газқағарлар мен балаларды қорғау камералары үшін - 7-8 жәшіктен артық емес;

-регенерацияланатын патрондар үшін - 7 жәшікке дейін, жәшіктердің жоғары қатарлары тоқтатудан кемінде 1 метр жерде тұруы тиіс;

-теріні қорғау құралдары үшін - 6-7 жәшікке дейін;

-химиялық барлау құралдары үшін - 6 жәшікке дейін;

-орам жәшіктерінде сақтау кезінде дозиметрлік аспаптар, газсигнализаторлары мен оларға жөндеу жиынтықтары және байланыс құралдары үшін - ыдысқа рұқсат берілген жүктемені есепке ала отырып.

Қатарлардың ені - 2 жәшік.

24. Азаматтық қорғаныс мүлкі қорлары сақтау орнында:

-номенклатура бойынша (әрбір номенклатура жеке қатарда сақталады);

-партиялар бойынша (бір номенклатураның әрбір партиясы басқа партиядан бөлінеді) орналастырылады.

25. Азаматтық қорғаныс мүлкін сақтау шарттары осы Қағидаларға 1-қосымшада, ал азаматтық қорғаныс мүлкін бірге сақтауға жол беру осы Қағидаларға 2-қосымшада көрсетілген.

*3-параграф.* Жеке қорғану құралдарын сақтау ерекшеліктері

26. Сүзгіш газқағарларды, балалар қорғану камераларын жылытылмайтын құрғақ сақтау орындарында сақтайды, сақтау орындарының терезелері қараңғыланады. Газқағарларды, балалар қорғану камераларын сақтаған кезде жәшіктерге жауын-шашынның түсуіне жол берілмейді.

26-1. Тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктер әкімдерінің шешімі бойынша жеке қорғану құралдары (сүзгіш газқағарлар, респираторлар, өзін - өзі құтқарғыштар, балаларға арналған қорғаныш камералары) халыққа олардың қауіпсіздігін қамтамасыз ететін жағдайда тұрғылықты жері бойынша сақтауға беріледі.

26-2. Халыққа жауапты сақтауға берілген жеке қорғану құралдарын (сүзгіш газқағарлар, респираторлар, өзін - өзі құтқарғыштар, балаларға арналған қорғаныш камералары) азаматтық қорғаныстан құлақтандыру сигналын алған және төтенше жағдайлардың туындау қауіпі немесе туындауы кезінде халық өздігімен қолданады.

Азаматтық қорғаныс мүлкін беру пункттері «Азаматтық қорғаныс мүлкін сатып алу, құру және пайдалану қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2015 жылғы 8 маусымдағы № 510 бұйрығымен (Нормативтік- құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11587 болып тіркелген) бекітілген Азаматтық қорғаныс мүлкін сатып алу, құру және пайдалану қағидаларына сәйкес айқындалады.

27. Оқшаулаушы газқағарларды жылытылмайтын сақтау орында-



ҚР ІІМ Төтенше жағдайлар комитеті

заңнамасында белгіленген талаптарды сақтауға, сондай-ақ мемлекеттік инспекторлардың бұзушылықтарды жою жөнінде берген нұсқамаларын орындауға;

2) өнеркәсіптік қауіпсіздік пен өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөнінде шаралар әзірлеуге және оларды жүзеге асыруға;

3) өртке қарсы насихат жүргізуге, сондай-ақ өз жұмыскерлерін өрт қауіпсіздігі шараларына оқытуға;

4) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда мемлекеттік емес өртке қарсы қызметті құруға немесе мемлекеттік емес өртке қарсы қызметпен шарттар жасасуға;

5) өрт сөндіру жүйелері мен құралдарын жарамды күйде ұстауға, олардың мақсатсыз пайдаланылуына жол бермеуге;

6) өрттерді сөндіру, аварияларды жою, олардың туындау және өршу себептері мен жағдайларын анықтау кезінде, сондай-ақ өрт қауіпсіздігі мен өнеркәсіптік қауіпсіздік талаптарының бұзылуына, өрттердің және аварияларды туындауына жол берген тұлғаларды анықтау кезінде жәрдем көрсетуге, азаматтық қорғау күштерінің бөлімшелері ұйымдардың аумақтарында қызметтік міндеттерін жүзеге асырған кезде олардың Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен кіруін қамтамасыз етуге;

7) азаматтық қорғау және өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы уәкілетті органдардың және олардың мемлекеттік инспекторларының сұрау салуы бойынша өрт қауіпсіздігі мен өнеркәсіптік қауіпсіздіктің жай-күйі туралы, оның ішінде өздері өндіретін өнімдердің өрт қауіптілігі туралы, сондай-ақ өз аумақтарында болған өрттер, авариялар, оқыс оқиғалар және олардың салдары туралы мәліметтер мен құжаттарды беруге;

8) өртке қарсы қызметке туындаған өрт туралы, жолдар мен кірме жолдар жай-күйінің өзгеруі туралы дереу хабарлауға;

9) төтенше жағдайлардың туындау қатері туралы немесе туындауы туралы ақпаратты Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен беруге, жұмыскерлер мен халықты құлақтандыруға;

10) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда, жұмыскерлерге және басқа да азаматтарға төтенше

Қазақстан Республикасындағы ПИК өзге ұйымдар қатарында коммерциялық емес ұйымдар қатарына жатады.

Сонымен, ҚР заңнамасына сәйкес, ПИК және оның мүшелері кондоминиум меншігін сақтау бойынша шара қолдануға міндетті, алайда тұрғын үйлерді сейсмоқорғауға арнайы құралдарды қалыптастыру заңнамада қарастырылмаған. Сонымен қатар, ПИК-те жиналатын қаражат ғимараттарды күрделі жөндеуге, оларды сейсмикалық күшейтуге тіпті жетпейді.

**2. ҚР азаматтық қорғау саласындағы ұйымдардың құқықтары және міндеттері**

ПИК ҚР азаматтық кодексіне сәйкес, ұйымдардың мәртебесі бойынша заңды тұлға мәртебесіндегі ұйымдарға жататындықтан, бұл ұйымдар ҚР «Азаматтық қорғау туралы» Заңында қарастырылған, кәдімгі (санатқа жатпайтын) ұйымдарға арналған жалпы талаптарды орындауға міндетті. Бұл талаптар аталған заңның 16-бабында (1 және 2 тармақтарында) көрсетілген [5].

*1-тармақ. Ұйымдардың:*

1) мемлекеттік органдар мен жергілікті өзін-өзі басқару органдарына азаматтық қорғауды қамтамасыз ету жөнінде ұсыныстар енгізуге;

2) өздерінің объектілерінде болған авариялардың, оқыс оқиғалар мен өрттердің себептері мен мән-жайларын анықтау жөнінде жұмыстар жүргізуге;

3) Қазақстан Республикасының заңнамасында айқындалған шекте азаматтық қорғауды қамтамасыз ету жөнінде әлеуметтік және экономикалық ынталандыру шараларын белгілеуге;

4) азаматтық қорғау мәселелері жөнінде ақпарат алуға;

5) өздері өз қаражаты есебінен ұстайтын мемлекеттік емес өртке қарсы қызметті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен құруға, қайта ұйымдастыруға және таратуға, сондай-ақ мемлекеттік емес өртке қарсы қызметті шарттар негізінде тартуға;

6) өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы тәуекелдерге бағалау жүргізуге құқығы бар.

*2-тармақ.Ұйымдар:*

1) Қазақстан Республикасының азаматтық қорғау саласындағы





рында сақтайды. Оқшаулаушы газқағарларының, оларға регенеративтік патрондардың металл бөлшектеріне, торaптары мен қосындыларына май және майлаулар жағуға болмайды.

28. Регенеративтік патрондар, жіберу брикеттері мен оттегін қосымша беру брикеттері отқауіпті мүлік разрядына жатады және оларды жанбайтын, құрғақ, жарамды қақпағы мен жақсы табиғи және жасанды желдеткіші бар жылытылмайтын сақтау орындарында бұйымдардың басқа түрлерінен бөлек сақтау ұсынылады; көрсетілген бұйымдарды жылытылатын сақтау орындарында сақтауға тиым салынады. Сақтау орындарындағы оңтайлы температура жазғы уақытта + 35$^{o}$С жоғары емес, ал салыстырмалы ылғалдық 80-90%-дан артық емес.

29. Теріні қорғаудың жеке құралдарын зауыттық орамада құрғақ, жылытылмайтын сақтау орындарында сақтау ұсынылады. Сақтау орындарының терезелері қараңғыланады. Теріні қорғау құралдарын қарауды және құрғатуды бұйымдарға тікелей күн сәулелерінің түсуін болдырмайтын орындарда ғана жүргізеді.

30. Жеке қорғау құралдарын қабылдаған кезде барлық жәшіктерді сырттай қараумен - ыдыстың жай-күйіне; ішінара бақылаумен - бұйымдардың жиынтықтылығы мен сапасына назар аударады. Ішінара бақылауды бұйымның сапасын, ашылған жәшіктерде барлық бұйымдардың болуын және жиынтықтылығын тексере отырып, сырттай қараумен жүзеге асырады.

*4-параграф.* Химиялық және радиациялық барлау, дозиметрлік бақылау аспаптарын сақтау ерекшеліктері

31. Жылытылатын сақтау орындары болмаған кезде құрғатқышы (силикагелі) бар полимерлі пленкадан жасалған герметикалық тыстарда жылытылмайтын сақтау орындарында радиациялық барлау және дозиметрлік бақылау аспаптарын уақытша сақтауға жол беріледі.

32. Аспаптар сақтауға қойылар алдында консервіленеді.

33. Құрғатқышы (силикагелі) бар полимерлі пленкадан жасалған тыстарға аспаптарды орнату арқылы консервациялау тәсілі жылытылатын сақтау орындарында аспаптарды - бір жылдан артық, жы-

лытылмайтын сақтау орындарында - сақтау мерзіміне қарамастан сақтағанда қолданылады.

34. Химиялық және радиациялық барлау, дозиметрлік бақылау аспаптары сақтау орындарындағы консервациялық орамда стеллаждарда және қатарлардағы орам жәшіктерде сақталады.

35. Химиялық және радиациялық барлау, дозиметрлік бақылау аспаптары қабылдаған кезде: ыдыстың жай-күйі - барлық жәшіктер мен орамдарды сырттай қарап, бұйымдар сапасы - ішінара бақылаумен тексеріледі. Ішінара бақылау бұйымдардың жиынтықтылығы мен олардың сапасын (сыртқы түрі бойынша) тексерумен жүзеге асырылады.

36. Аспаптарға арналған құрғақ элементтер мен батарейкалар зауыттық орамада немесе тік күйде орамасыз сақталады. Оралмаған түрдегі элементтер стеллаждар сөрелерінде бір қатарға орнатылады. Сақтау мерзімі өткен немесе сыртқы түр мен нысанның өзгеруі, ылғалды дақтардың пайда болуы және тарап кеткен электролиттен қабыршықта тұздың болуы және оқшаулау желімбасының, қабыршықтың ағуы сияқты ақаулар табылған элементтер сақтаудан алуға жатады.

*5-параграф*. Арнайы өңдеу құралдарын сақтау ерекшеліктері

37. Арнайы өңделген резеңке техникалық бұйымдар ашық түрде стеллаждарда немесе сөрелерде партиялар бойынша сақталады. Гидравликалық сынақ кезінде құбырлар 10 минут бойы қысымға төтеп береді. Сынақ кезінде бұйымдарда жыланкөздер, ісінулер пайда болмауы және тамшы түріндегі сұйықтық ақпауы тиіс.

38. Газсыздандыратын, дезинфекциялайтын және дезактивациялайтын заттар мен рецептуралар тез тұтанғыш заттар мен сұйықтықтар болып табылады. Сақтау процесінде өрт қауіпсіздігі талаптарын қатаң түрде орындау қажет.

39. Газсыздандыратын заттар мен темір және ағаш барабандардағы сілтілі негіздегі рецептураларды бастырманың астында, темір бөшкелердегі қышқыл негізіндегі және улы сұйықтықтарды - ашық алаңдарда сақтауға рұқсат етіледі.





**42-бап**

*2-тармақ*. Кондоминиум объектісін басқару нысаны оған қатысушылардың келісімімен белгіленеді. Ондай нысандар:

1) егер барлық меншік иелерінің саны жиырма адамнан аспаса, олардың тікелей бірлесіп басқаруы;

2) үй-жай (пәтерлер) иелерінің кооперативі;

3) кондоминиум объектісін үшінші (бөгде) тұлғалардың: сайланбалы немесе жалдамалы жеке тұлғалардың - тұрғын үйлерді басқарушылардың (менеджерлердің) немесе заңды тұлғалардың басқаруы;

4) Қазақстан Республикасының заңдарына қайшы келмейтін өзге де нысандар болуы мүмкін.

2-1-тармақ. Кондоминиум объектісін басқару органы мынадай функцияларды:

1) үй-жайлардың (пәтерлердің) меншік иелері жиналысының өткізілуін, жазбаша сауалнама жүргізілуін ұйымдастыруды;

2) үй-жайлардың (пәтерлердің) меншік иелері жиналысының хаттамаларын және жазбаша сауалнама жүргізу кезіндегі дауыс беру парақшаларын ресімдеуді;

2-1) үй-жайлардың (пәтерлердің) меншік иелерінің жалпы жиналысында бұрын қабылданған шешімдер туралы ақпаратты үй-жайлардың (пәтерлердің) жаңа меншік иелерінің назарына жазбаша түрде жеткізуді;

3) үй-жайлардың (пәтерлердің) меншік иелерінің жиналысы шешімдерінің орындалуын ұйымдастыруды;

4) сервистік қызмет субъектісімен шарттар жасасуды және олардың орындалуын бақылауды;

5) кондоминиум объектісінің ортақ мүлкі мәселелері бойынша үй-жайлардың (пәтерлердің) меншік иелерінің мүдделерін білдіруді;

6) Қазақстан Республикасының заңнамасында айқындалған өзге де функцияларды жүзеге асырады.

ҚР «Коммерциялық емес ұйымдар туралы» Заңы [4]:

**17-бап** (2-тармақ) Пәтерлердің меншік иелері кооперативтері және басқа да коммерциялық емес ұйымдар өзге ұйымдық-құқықтық нысанда құрылуы мүмкін.

6) арнайы мемлекеттік органдар қызметкерлерінің қатысуымен тұрғын үй қатынастарын реттеудің ерекшеліктерімен регламенттеледі.

Осы алты бағытта тұрғын үйдің сейсмикалық қауіпсіздігін қамтамасыз ету саласындағы мәселелерді нормативтік-құқықтық реттеу қажеттігін көрсететін нақты түрдегі ережелер жоқ.

ПИК-тің құрылу және қызмет етуінің нормативтік-құқықтық негіздері

ҚР «Тұрғын үй қатынастары туралы» (үзінді) Заңы:

**31-бап**

*1-тармақ.* Үй-жайлардың (пәтерлердің) екі және одан да көп меншік иелеріне тиесілі тұрғын үйлерде кондоминиум құрылады.

*2-тармақ.* Үй-жайлар (пәтерлер) меншік иелерінің әрқайсысы өзіне дара (бөлек) меншік құқығы бойынша тиесілі үй-жайды өз қалауы бойынша иеленуге, пайдалануға және оған билік етуге құқылы.

Кондоминиум объектісінің ортақ мүлкі үй-жайлардың (пәтерлердің) меншік иелеріне ортақ үлестік меншік құқығымен тиесілі.

Тұрғын үй (тұрғын ғимарат) жанындағы жер учаскесі үй-жайлардың (пәтерлердің) меншік иелеріне ортақ үлестік меншік құқығымен немесе ортақ жер пайдалану құқығымен тиесілі.

*8-тармақ.* Үй-жайлардың (пәтерлердің) меншік иелері кондоминиум объектісінің ортақ мүлкін күрделі жөндеуге қаражат жинақтау үшін ай сайын кондоминиум объектісін басқару органының жинақ шотына үй-жайлардың (пәтерлердің) меншік иелерінің жиналысында айқындалатын мөлшердегі, бірақ тұрғын (тұрғын емес) үй-жайдың пайдалы алаңының бір шаршы метріне арналған есеппен республикалық бюджет туралы заңда тиісті қаржы жылына арналып белгіленген айлық есептік көрсеткіштің 0,02 еселенген мөлшерінен кем болмайтын соманы енгізуге міндетті.

Кондоминиум объектісін басқару органы кондоминиум объектісінің ортақ мүлкін сақтау және оны қауіпсіз пайдалануды қамтамасыз ету жөнінде шаралар қабылдауға міндетті...

**35-бап**

2-тармақ. Үй-жайлардың (пәтерлердің) меншік иелері ортақ мүліктің және дара (бөлек) меншіктегі үй-жайлардың сақталуына және қауіпсіз пайдаланылуына жәрдемдесуге міндетті.





## 3-ТАРАУ. АЗАМАТТЫҚ ҚОРҒАНЫС МҮЛКІН ЕСЕПКЕ АЛУ

40. Ұзақ сақтаудағы азаматтық қорғаныс мүлкі бойынша есепке алуды және есептілікті, оны қайта бағалауды кәсіпорындар (ұйымдар), қарамағында қойма тұрған азаматтық қорғаныс бастықтары жүзеге асырады.

41. Қоймада азаматтық қорғаныс мүлкінің бар-жоғын есепке алу карточкалар бойынша жүргізіледі, онда азаматтық қорғаныс мүлкін жұмсау, салу, шығару, ауыстыру, жаңарту немесе есептен шығару туралы ақпарат қамтылады.

42. Бухгалтерлік және қоймалық есепке алуды салыстыра тексеру жылына екі рет - 1 шілдеде және 1 қаңтарда жүргізіледі. Салыстыра тексеру актілерінде айырмашылықтар белгіленеді және оларды жою бойынша шаралар қабылданады.

## 4-ТАРАУ. АЗАМАТТЫҚ ҚОРҒАУ МҮЛКІН ЕСЕПТЕН ШЫҒАРУ ТӘРТІБІ

43. Пайдаланудағы немесе сақтаудағы азаматтық қорғаныс мүлкі сақтаудың шекті мерзімі өтуі бойынша, сондай-ақ мемлекеттік стандарттарда немесе техникалық сипаттамаларда белгіленген нормативтік көрсеткіштерден ауытқуы анықталған кезде есептен шығаруға жатады.

44. Азаматтық қорғаныс мүлкін есептен шығару осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес азаматтық қорғаныс мүлкінің техникалық (сапалық) жай-күйі актісінің және нормативтік көрсеткіштерден ауытқуының болуы туралы зертханалық қорытындының негізінде жүзеге асырылады.

45. Азаматтық қорғаныс мүлкін есептен шығару кезінде комиссия осы Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес азаматтық қорғаныс мүлкін есептен шығару актісін жасайды.

46. Сақтаудың шекті мерзімі өтуі бойынша азаматтық қорғаныс мүлкін есептен шығару зертханалық сынақтар өткізусіз, сақтаудың шекті мерзімінің өтуін растайтын құжаттардың (паспорт, журнал) негізінде жүргізіледі.

46-1. Ұзақ сақтауға азаматтық қорғаныс мүлкін шекті сақтау

мерзімі осы Қағидаларға 5-қосымшаға сәйкес айқындалған;

46-2. Азаматтық қорғаныс мүлкі қазіргі уақыттағы нақты объект үшін қажеттілікті есепке ала отырып жаңартылады (жаңғыртылады).

## 5-ТАРАУ. Азаматтық қорғаныс мүлкін кәдеге жарату тәртібі

47. Азаматтық қорғаныс мүлкін есептен шығару актісі негізінде осы Қағидаларға 6-қосымшаға сәйкес азаматтық қорғаныс мүлкін кәдеге жаратуға беру актісі жасалады.

48. Азаматтық қорғаныс мүлкін кәдеге жаратуды уәкілетті ұйымдар жүргізеді, олар Қазақстан Республикасының Экологиялық кодексіне сәйкес құрамдас бөлшектерді (компоненттерді) кәдеге жарату әдістері мен тәсілдерін дербес таңдайды.

